AIQYN

www.aikyn.kz
e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

СЕЙСЕНБІ №133 (4818)
24.11.2026

АҚОРДА

ЗАҢДАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫ – ҚҰРЫЛТАЙ БАҚЫЛАУЫНДА

Мемлекет басшысы Құрылтай Төрағасы Айбек Дәдебайды қабылдады.



Қасым-Жомарт Тоқаевқа Құрылтай жұмысының қазіргі нәтижелері және «Әділет» партиясының қызметі туралы баяндалды.

Құрылтай Төрағасы депутаттар 18 заң қабылдағанын және 38 заң жобасы қаралып жатқанын мәлімдеді.

Мемлекет басшысы Құрылтайдың бірінші сессиясының ашылуында және Қазақстан халқына Жолдауында айқындаған міндеттерді заңнамалық тұрғыдан іске асыруға басымдық беріліп отыр. Жаңа Азаматтық кодекс әзірленіп жатыр. Сонымен қатар балалардың құқықтарын қорғау, педагогтер мен медицина қызметкерлерін қолдау және өзге де әлеуметтік маңызды бағыттар бойынша заңнамалық бастамалар пысықталуда.

2027-2029 жылдарға арналған республикалық бюджет қабылданды. Депутаттардың бастамасымен өңірлердегі 52 инфрақұрылымдық жобаны жүзеге асыру үшін қосымша 47 миллиард теңге қарастырылды. Қаражат жылу, электр, газ және сумен жабдықтау жүйелерін жаңғыртуға, сондай-ақ әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға бағытталады.

Кездесуде қабылданған заңдардың орындалуына парламенттік бақылауды күшейту шаралары да таныстырылды. Атап айтқанда, заңдардың іс жүзінде қолданылу тиімділігі мен қабылданған шешімдердің нәтижесін бағалауға арналған заңнамалық мониторинг жүргізу қағидалары бекітілді. Сонымен қатар заң жобаларын талдау, құқықтық қайшылықтар мен ықтимал тәуекелдерді анықтау үшін e-Quryltai жүйесі және жасанды интеллект технологияларын енгізу жалғасып жатыр.

Құрылтайдың қоғамдық қабылдауы мен e-Otinish жүйесі арқылы халықпен кері байланысты нығайту перспективасы талқыланды. Азаматтар көтерген мәселелер заңнамалық бастамаларды әзірлеу кезінде ескеріледі. Сессия басталғалы өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша 111 депутаттық сауал жолданған.

Айбек Дәдебай сарапшылармен, қоғамдық ұйымдармен, өңірлердегі және халықаралық серіктестермен байланыс нығайып келе жатқанын жеткізді. Мәслихаттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңес құрылып, ЮНИСЕФ-пен балалардың құқықтарын қорғау мәселесі бойынша ынтымақтастық орнатылды. Женевада өткен Парламентаралық одақ алаңында жасанды интеллектіге негізделген AI-Quryltai парламенттік платформасы таныстырылды.

Мемлекет басшысына «Әділет» партиясының қызметі туралы да ақпарат берілді. Партия Үкіметпен бірлесіп, 2026-2031 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламаны іске асыру жөніндегі жол картасының жобасын әзірледі. Құжат 303 іс-шараны қамтиды. Олардың орындалуын қадағалау үшін цифрлық мониторинг құралдары енгізіліп жатыр.

Партияның қоғамдық қабылдауына 14 мыңнан астам өтініш түсті. Оның 8,3 мыңнан астамы оң шешімін тапты. Партиялық бақылау барысында 300-ге жуық әлеуметтік инфрақұрылым нысаны тексеріліп, анықталған кемшіліктердің 80 пайызға жуығы жойылды. Ал «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында 12 мыңнан астам азаматқа көмек көрсетілді.

Сондай-ақ партия сайлаушылардың ұсыныс-тілектерін және тапсырмалардың орындалуын қадағалауға арналған «Әділет.365» цифрлық жүйесін іске қосты.

Кездесу соңында Құрылтайдың заң шығару қызметі мен партия жұмысының алдағы басымдықтары талқыланды. Президент тапсырмаларын іске асыру, сайлауалды міндеттемелерді орындау және азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған нақты шешімдер қабылдау мәселелеріне баса мән берілді.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ САРАПТАМА ТОБЫНЫҢ ҚҰРАМЫН БЕКІТТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы стратегиялық даму мәселелері жөніндегі сараптама тобы» туралы өкімге қол қойды.

Стратегиялық даму мәселелері жөніндегі сараптама тобы – Президент жанындағы консультативтік-кеңесші орган. Ол Қазақстан Республикасының ұзақмерзімді дамуына қатысты тұжырымдамалық тәсілдер мен басымдықтарды сараптамалық тұрғыдан пысықтау мақсатында құрылған.

Сараптама тобының негізгі міндеттері – концептуалды тәсілдерді анықтау және сараптамалық жағынан әзірлеу, талдамалық, әлеуметтік, сондай-ақ форсайт зерттеулердің нәтижесін талқылау.

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты Сараптама тобының жұмыс органы саналады.

Сараптама тобының отырысы қажет кезде, алайда кем дегенде айына бір рет өткізіледі. Отырысқа мемлекеттік органдар, ғылыми ұйымдар, сарапшылық қауымдастықтар, іскерлік орта, азаматтық қоғам өкілдері және Сараптама тобының құрамына енбеген басқа да мамандар қатыса алады.

ЖАҢА КЕН ОРЫНДАРЫ ИГЕРІЛЕ БАСТАДЫ

Мемлекет басшысы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Асхат Хасеновті қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа ұлттық компанияның биылғы он айда атқарған қызметінің нәтижелері туралы есеп берілді.

Асхат Хасенов бүгінде «ҚазМұнайГаздың» капиталы 22 триллион теңгені құрайтынын жеткізді. Компанияның қаржылық жағдайы тұрақты және жалпы сомасы 16,7 триллион теңге болатын ауқымды инвестициялық жобаларды іске асыруға мүмкіндік береді.

Президентке компания 2026-2030 жылдарға арналған геологиялық барлау жұмыстарының бағдарламасын қабылдағаны жөнінде баяндалды. 23 жобаны іске асыру аясында 60 000 шақырым көлемінде сейсмикалық барлау жүргізу, сондай-ақ жалпы геологиялық ресурстық әлеуеті 4,7 миллиард тонна шартты отынға тең 26 іздестіру-барлау ұңғымасын бұрғылау көзделіп отыр.

Сонымен қатар «ҚазМұнайГаз» қолданыстағы активтерде үнемі қосымша барлау жұмыстарын жүргізеді. Атырау облысында Батыс Қарасор және Маңғыстау облысында Қаражанбастың Жағалау аймағы кен орындарын игеру басталды.

Мемлекет басшысына жасанды интеллект көмегімен кен орындарының цифрлық телнұсқасы енгізіліп жатқаны туралы айтылды.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының басқарма төрағасы тауарлық газ өндіруді қысқа мерзімде 2,6 миллиард текше метрден 4,5 миллиард текше метрге дейін ұлғайтуға бағытталған инвестициялық жобалар жөнінде мәлімет берді.

Атырау, Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарында газ нысандарының құрылысы жүріп жатыр. Қосымша экспорт бағыттарын дамыту жұмыстары жалғасуда. Есепті кезеңде отандық мұнай өңдеу зауыттарында 14,9 миллион тонна мұнай өңделді. Жыл қорытындысы бойынша жеңіл мұнай өнімдерінің көлемі былтырғымен салыстырғанда 800 мың тоннаға өскен.

Бұдан бөлек, Шымкент мұнай өңдеу зауытының қуатын 12 миллион тоннаға дейін, ал Павлодар мұнай химиясы зауытының қуатын жылына 6 миллион тоннадан 9 миллион тоннаға дейін ұлғайту жұмыстары қолға алынды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Атырау облысындағы ірі мұнай-газ химиясы жобаларының, атап айтқанда полиэтилен өндірісі мен газ сепарациялау кешені құрылысының барысы таныстырылды.

Сондай-ақ аймақтарда іске асырылып жатқан әлеуметтік жобаларға айрықша мән берілді. «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында «ҚазМұнайГаз» қызметкерлері жыл басынан бері 386 мың ағаш отырғызған.

Кездесу қорытындысы бойынша Президент геологиялық барлау және инвестициялық жобаларды іске асыру бағыттарында жүйелі жұмысты жалғастыруды тапсырды.

«КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢДЫЛЫҚТЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ ТУРАЛЫ» ЖОЛДАУ ЖАРИЯЛАНДЫ



Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының «Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы» жолдауы *(2026 жылғы 18 қарашада Қазақстан Республикасы Құрылтайының отырысында жария етілді).*

→ 4



ӨТКЕННЕН СЫР ШЕРТКЕН ЖӘДІГЕР

Бір кездері Сыр бойында тіршілік еткен Тұран жолбарысы жайында аңыз әңгімелер ел арасында жиі айтылады. Ол уақытта айбарлы аң Арал маңы, Сырдариянның төменгі ағысы мен өзен жағасындағы қамысты алқаптарды мекен еткен екен.

→ 5

БАСПАСӨЗ-2027



Жазылу түрлері	Индекс	Жазылу мерзімі	«ҚАЗПОШТА» АҚ жазылу бағасы	
			Қала	Ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15102 – AIQYN	6 ай 12 ай	18 204,60 36 409,20	13 643,46 27 286,92
Жеке жазылушылар үшін	65102 – AIQYN	6 ай 12 ай	9 741,30 19 482,60	9 393,42 18 786,84

KAZPOST

Анықтама телефондары:
«Қазпошта» анықтама бөлімі: 8 (7172) 58-02-96
Жазылу және тарату бөлімі: 8 (778) 837-07-21

24 ҚАРАША 2026 | СЕЙСЕНБІ

ҚҰРЫЛТАЙ СПИКЕРІ ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ ПРЕЗИДЕНТІМЕН КЕЗДЕСТІ

Құрылтай Спикері Айбек Дәдебай Астанаға жұмыс сапарымен келген Парламентаралық одақтың президенті Милтон Дикпен кездесті. Тараптар Қазақстан мен Парламентаралық одақ арасындағы ынтымақтастықты нығайту, сондай-ақ мемлекеттердің цифрлық дамуындағы парламенттердің рөлін талқылады.



Айбек Дәдебай Милтон Дикті жауапты лауазымға сайлануымен құттықтап, Парламентаралық одақ басшысы ретіндегі алғашқы жұмыс сапарын Қазақстанға жасағаны үшін алғыс білдірді.

Құрылтай Төрағасы қонаққа Қазақстан Президенті бастамасымен жүзеге асқан ауқымды саяси реформалар – жаңа Конституцияның қабылдануы, бір палаталы Құрылтайға көшу және Вице-Президент пен Халық кеңесі жаңа институттарының енгізілуі туралы айтып берді.

– Құрылтайдың қазіргі кезеңдегі басты міндеті – Мемлекет басшысының барлық реформаларын сапалы жүзеге асыру үшін күшті және заманауи заңнамалық базамен қамтамасыз ету. Сондай-ақ заң шығару қызметін жетілдіруге, парламенттік бақылауды жүзеге асыруға және қоғаммен тікелей әрі ашық диалог орнатуға айтарлықтай көңіл бөлінуде. Бұл ретте Парламентаралық одақпен ынтымақтастықты одан әрі нығайту мен басқа елдердің парламенттерінің тәжірибесін зерделеу біз үшін зор маңызға ие, – деді Айбек Дәдебай.

Қазақстанның цифрландыру және жасанды интеллект саласындағы жетістіктеріне де ерекше назар аударылды. Құрылтай Төрағасы Парламентаралық одақтың президентіне елімізде аймақтағы ең қуатты екі суперкомпьютер іске қосылғанын, үшіншісі жақын арада іске қосылатынын және мемлекеттік қызметтердің 90 пайыздан астамы онлайн режимінде көрсетілетінін айтты. Бұл жетістіктердің негізінде жаһандық үрдістерді ескере отырып, елімізде ұлттық заңнаманы тұрақты түрде жаңарту жұмыстары жатқанын атап өтті.

– Цифрлық технологияларды дамыту – Қазақстан үшін басым бағыттардың бірі. Осыған байланысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялады. Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексі және «Жасанды интеллект туралы» заң әзірленіп, күшіне енді, сондай-ақ «Цифрлық Қазақстан» стратегиясы қабылданды, – деді Құрылтай Төрағасы.

Шетелдік қонаққа еліміздегі заманауи IT мамандарын даярлау туралы да ақпарат берілді. Осы орайда жүздеген мың азаматқа жасанды интеллект саласындағы дағдыларды дамыту үшін қажетті құзыреттіліктерді игеруге мүмкіндік берген мемлекеттік AI-Sana бағдарламасының жүзеге асырылуына айрықша назар аударылды.

Өз кезегінде Милтон Дик Қазақстанға сапары туралы жылы лебізін білдіріп, барлық кездесудің жемісті болғанын атап өтті.

– Қазақстанға Парламентаралық одақтың президенті ретінде алғашқы ресми сапарымды жасағаныма өте қуаныштымын. Қазақстанның электрондық парламенттен жасанды интеллект технологияларын пайдаланатын парламентке көшу бағытына деген ұстанымы мені ерекше тәнті етті, сондай-ақ осы үдерісті жүзеге асыруға Құрылтай депутаттарының қосып жатқан үлесімен танысу мүмкіндігіне ие болдым. Біз жаңа дәуірде өмір сүріп жатырмыз. Ал парламентарийлер ретіндегі басты міндетіміз – жасанды интеллект технологияларының азаматтарымыздың мүддесіне қызмет етуін қамтамасыз ету, – деді ол.

Бұған дейін Парламентаралық одақ басшысының сапары аясында Құрылтайда Төрағаның орынбасары Динара Зәкиеваның қатысуымен AI-Quryltai зияткерлік платформасының таныстырылымы өткен болатын. Ол AI-Quryltai көмегімен әзірленген алғашқы заң жобасы – «Балалардың цифрлық және ақпараттық қауіпсіздігі туралы» құжатты әзірлеуге қатысты тәжірибелерді бөлісіп, оның негізгі ережелерін таныстырған.

Құрылтайдың осы бағыттағы тәжірибесі мен әзірлемелері Брюссельде өткен Электрондық парламент жөніндегі World e-Parliament Conference 2026 дүниежүзілік конференциясында да сәтті таныстырылды.



ЭНЕРГЕТИКА МЕН ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЗАҢНАМАСЫ ЖЕТІЛДІРІЛЕДІ

Құрылтай Төрағасы Айбек Дәдебайдың төрағалығымен өткен бюро отырысында алдағы Құрылтай отырысының күн тәртібі белгіленді. Депутаттар бірінші оқылымда энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелеріне қатысты заң жобаларын, денсаулық сақтау саласы бойынша заңнамалық түзетулерді, сондай-ақ «БҰҰ-ның Киберқылмысқа қарсы конвенциясын ратификациялау туралы» заң жобасын қарайды. Сонымен қатар бюро жаңа Азаматтық кодекс жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы қаулы қабылдады.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелеріне қатысты заң жобалары мен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске енгізілетін ілеспе өзгерістер мен толықтыруларға Құрылтай депутаттары бастамашылық еткен. Заң жобалары Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауын жүзеге асыру үшін әзірленген. Негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасының жалпы ішкі өнімінің энергия сыйымдылығын төмендету. Атап айтқанда, түзетулерге сәйкес, уәкілетті органға энергия сервистік шарттарды жоспарлау және іске асыру қағидаларын бекіту өкілеттігін беру көзделген.

Сондай-ақ аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент және ауылдық округ әкімдерінің энергия үнемдеу мен энергия тиімділігін арттыру саласындағы құзыретін кеңейту ұсынылады. Бұдан бөлек, бюджеттік ұйымдардың энергия тұтынуына мониторинг жүргізу тәртібін енгізу, талаптарды бұзған ұйымдарды арнайы тізімге енгізу және басқа да нормалар қарастырылған.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға, медициналық қызметтерді дамытуға және денсаулық сақтау жүйесіне цифрлық технологияларды енгізуге бағытталған.

Ұсынылып отырған түзетулер медициналық туризмді дамыту тетіктерін заңнамалық тұрғыдан бекітуді, денсаулық сақтау саласын цифрландырудың құқықтық негіздерін жетілдіруді және медициналық дербес деректерді қорғауды күшейтуді көздейді. Сонымен қатар Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы келісімдерді ескере отырып, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналымын құқықтық реттеуді нақтылау, оларды мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу рәсімдерін жетілдіру ұсынылады.

Құрылтай «Біріккен Ұлттар Ұйымының Киберқылмысқа қарсы; ақпараттық-коммуникациялық жүйелер пайдаланылып жасалатын белгілі бір қылмыстарға қарсы күресте және елеулі қылмыстарға жататын электрондық нысандағы дәлелдемелермен алмасуда халықаралық ынтымақтастықты нығайту конвенциясын ратификациялау туралы» заң жобасын да қарайды. Конвенция ақпараттық-коммуникациялық жүйелерді пайдалану арқылы жасалатын жекелеген қылмыстарға қарсы күресте халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға, сондай-ақ ауыр қылмыстарға қатысты электрондық дәлелдемелермен алмасуға бағытталған. Қазақстан бұл құжатқа 2025 жылғы 25 қазанда қол қойған. Конвенцияның негізгі мақсаты – киберқылмыстың алдын алу және оған қарсы күрестің тиімділігін арттыру.

Бұдан бөлек, бюро отырысында Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Жолдауын іске асыру аясында жаңа Азаматтық кодекс жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы қаулы қабылданды.

Жұмыс тобының құрамына Құрылтайда өкілдік ететін барлық фракцияның депутаттары, Жоғарғы Соттың, Бас прокуратураның, Әділет министрлігінің, Судьялар одағының, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері, адвокаттар мен нотариустар, сондай-ақ ғылыми-сарапшылық қауымдастықтың мүшелері енді. Жалпы, жұмыс тобы 35 адамнан тұрады.

ӨҢДЕУШІ СЕКТОРҒА ҚОЛДАУ КҮШЕЙЕДІ

Құрылтайда өңдеуші секторды ынталандыру және офтейк-келісімшарттарды енгізу мәселелеріне арналған Үкімет сағаты өтті. Құрылтай Төрағасының орынбасары Дания Еспаеваның төрағалығымен өткен отырыста Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев пен Ауыл шаруашылығы вице-министрі Назгүл Хатепова депутаттар алдында баяндама жасады.



Талқылауда Құрылтай Төрағасының орынбасары Дания Еспаева Мемлекет басшысы Үкімет алдына өңдеу секторын жедел дамыту, экономиканы әртараптандыру және еліміздің берік өнеркәсіптік негізін қалыптастыру міндетін жүйелі түрде қойып келе жатқанын атап өтті. Оның айтуынша, мұның терең мән-маңызы бар.

– Өзімізде металл да, мұнай мен газ да, басқа да табиғи байлықтар жеткілікті. Соған қарамастан біз шетелден кең көлемде құрал-жабдық, қосалқы бөлшектер, өнеркәсіптік материалдар мен дайын бұйымдар сатып алуды жалғастырып келеміз. Мұндайда «Қолымызда осыншама зор байлық бола тұра неліктен оны төл өндірісімізді жолға қою мен отандық технологиялық желілерді өркендетуге барынша жұмсамай отырмыз?» деген орынды сауал туады. Міне, осы жерде қазақстандық өнімдерге ішкі сұранысты арттыру мәселесі алдыңғы қатарға шығады, – деп атап өтті Дания Еспаева.

Құрылтай Төрағасының орынбасары осы міндетті тиімді іске асыру құралдарының бірі ретінде болашақ өнімді кепілді өткізуді қамтамасыз ететін ұзақмерзімді офтейк-келісімшарттар тетігін атады. Отандық кәсіпорындар үшін бұл тетік өндірістік процестерді жүйелі жоспарлауға, инвестиция тартуға, заманауи технологияларды енгізуге, өндірістік қуаттарды кеңейтуге және жаңа жұмыс орындарын ашуға жол ашады.

Дания Еспаева Президент 2020 жылғы Жолдауында реттелетін сатып алулардың әлеуетін отандық өнеркәсіпке барынша бағыттап, мемлекеттік, квазимемлекеттік секторлар мен жер қойнауын пайдаланушылардың кепілді сатып алуын жолға қоюды тапсырғанын еске салды. Ал биылғы Жолдауында Мемлекет басшысы шағын және орта бизнесті мемлекеттік және квазимемлекеттік сатып алуларға барынша тарту міндетін қойды. Осы орайда, оның айтуынша, сатып алуларға бөлінетін қомақты қаржының басым бөлігі ұлттық экономиканың игілігіне жұмсалуы тиіс. Бұл ретте кепілдендірілген тапсырыс берілгенде өнім сапасының жоғарылығы, сатып алудың ашықтығы, адал бәсеке және тараптардың ортақ жауапкершілігі басты орында тұруы қажет.

Сонымен қатар Құрылтай Төрағасының орынбасары Үкіметтің, даму институттарының, ұлттық компаниялар мен бизнес-қауымдастықтың іс-әрекеттерінің өзара үйлесімділігі ерекше маңызды екенін атап өтті. Мемлекеттің өнеркәсіптік саясаты қолдау тетіктерін ұсынуға ғана емес, ең алдымен нақты, өлшемді көрсеткіштер мен нәтижелерге қол жеткізуге бағдарлануы қажет.

Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаевтың мәліметінше, соңғы үш жылда өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі 14,5%-ға өсті. 2023 жылдан бері инвестиция 2 еседей ұлғайып, жалпы құны 4,6 трлн теңге болатын 661 инвестициялық жоба іске асырылды. Биылғы он айдың қорытындысы бойынша өндіріс көлемі 9,3%-ға өсті. Бұл – соңғы 25 жылдағы ең жоғары көрсеткіш.

– Іске қосылған кәсіпорындарда шамамен 6 трлн теңгенің өнімі өндіріліп, оның үштен бірі экспортқа шығарылды. Жаңа кәсіпорындар негізінен құрылыс материалдарын өндіру, машина жасау және тамақ өнеркәсібі салаларында ашылды. Ең көп инвестиция машина жасау саласының үлесінде – шамамен 1 трлн теңге. Тамақ өнеркәсібіне – 760 миллиард теңгеден астам қаржы салынды, – деді министр. Ерсайын Нағаспаев жаңа өндірістерді іске қосумен қатар экономиканы әртараптандыруға бағытталған стратегиялық маңызы бар ірі жобалар да жүзеге асырылып жатқанын атап өтті. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, осындай 17 жоба қолға алынды. Сонымен қатар мұнай-газ химиясы, агрохимия және түсті металлургия салаларындағы жобалар да жүзеге асырылуда.

Министрдің айтуынша, отандық өндірісті қолдаудың негізгі тетіктерінің бірі – ірі компаниялар мен мемлекеттік ұйымдардың сатып алуы кезінде отандық өнімге басымдық беру. 2026 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша осындай сатып алудың жартысынан астамы, яғни 7,5 трлн теңгесі қазақстандық жеткізушілердің үлесіне тиесілі. Алайда тауар сатып алудағы отандық өнімнің үлесі әзірге 33% шамасында болып отыр. Бұл отандық өндірістің даму әлеуеті айтарлықтай зор екенін көрсетеді.

Ауыл шаруашылығы вице-министрі Назгүл Хатепованың айтуынша, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жалпы өңдеу өнеркәсібінің 13%-ын құрайды. Қарқынды дамып келе жатқан бағыттардың бірі – майлы дақылдарды қайта өңдеу. Биылғы қазан айының соңындағы жағдай бойынша өсімдік майын өндіру көлемі 938 мың тоннаға жетіп, 24,1%-ға өсті. Жалпы осы кезеңде агроөнеркәсіп кешеніндегі азық-түлік өндіру көлемі 3,6 трлн теңгені құрады. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 13%-ға жоғары.

Өз кезегінде «Бәйтерек» ұлттық инвестициялық холдингі» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Үсен Ғалым 2025 жылдан бері өңдеу өнеркәсібін қолдауға шамамен 5,9 трлн теңге бағытталып, 5,7 мыңға жуық жоба қамтылғанын айтты. Бұл жобаларды жүзеге асыру 23 мыңнан астам жұмыс орнын ашуға, импортты алмастыратын және экспортқа бағытталған өнім өндірісін ұлғайтуға, сондай-ақ отандық шикізатты терең өңдеуді дамытуға және қайта өңдеу деңгейі жоғары өнім шығаруды арттыруға мүмкіндік береді.

Құрылтайдың Экономикалық саясат, өнеркәсіп және энергетика комитетінің төрағасы Наталья Годунова қосымша баяндамасында отырысқа қатысушылардың назарын мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігіне аударды, оны арттыру жөнінде ұсыныстар айтты. Депутаттың пікірінше, басты мәселе қол жеткізілген экономикалық нәтижелерге байланысты болып отыр.

– Біздің дерегіміз бойынша, 2010 жылдан бері өңдеуші секторды қолдауға бюджет пен Ұлттық қордан кемінде 10 трлн теңге бағытталды. Осы кезеңде оның ЖІӨ-дегі үлесі 11,3%-дан 12,8%-ға дейін өсті. Яғни небәрі 1,5 пайыздық тармаққа артты. Мұндай өсім мемлекеттік қолдаудың ауқымына сай келе ме? Өйткені экономиканың тұрақтылығын көрсететін негізгі көрсеткіштердің бірі – өңдеуші сектордың экономикадағы үлесі. Дәл осы көрсеткіштің оң динамикасы құрылымдық өзгерістердің жүзеге асып жатқанын айғақтайды. Бұл міндет ұлттық стратегиялық мақсаттардың бірі ретінде белгіленген, – деп атап өтті салалық комитет төрағасы.

Наталья Годунова өңдеу өнеркәсібін қолдау тетіктерінде қаржыландыру және шикізатпен қамтудан бастап, кәсіпорындардың жобалық қуатына көшуі мен өнімін өткізуді ұйымдастыруға дейінгі кезеңдерде жүйелі олқылықтар бар екенін де атап өтті. Оның айтуынша, мемлекеттік органдар мен даму институттарының жұмысын үйлестіруді күшейтіп, мемлекеттік қолдаудың түпкілікті нәтижелері үшін жауапкершілікті қамтамасыз ету қажет. Сонымен қатар ол кейінгі бес жылдағы өнеркәсіпті мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігіне кешенді бағалау жүргізуді ұсынды. Оның қорытындысы бойынша тиімсіз қолдау құралдарын қаржыландыруды қайта қарау, сондай-ақ жобаларды іске асырудың әртүрлі кезеңдерінде кәсіпорындарды қолдаудағы олқылықтарды жою қажеттігін айтты.

Талқылау барысында Құрылтай депутаттары бірқатар өзекті мәселені көтерді. Атап айтқанда, отандық өнімге тұрақты сұраныстың болуын қамтамасыз ету, ірі тапсырыс берушілердің елішілік құндылықты дамытудағы жауапкершілігі, офтейк-келісімшарттардың тиімділігі мен олардың жаңа өндірістер ашудағы рөлі, сондай-ақ «Халықтық құрылыс» бағдарламасы аясында құрылыс материалдары өндірісін кеңейту мәселелері қозғалды. «Әділет», «Ауыл», «Ақ жол» және Respublica партиялық фракцияларының өкілдері де өз пікірлерін ортаға салды.

Депутаттардан барлық сұрақтары мен ұсыныстары жинақталып, ұсыным түрінде Үкіметке жолданады. Атап айтқанда, Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне технологиялық тұрғыдан күрделі өнім өндірушілердің мемлекеттік ынталандыру шараларын алу жөніндегі өтінімдерін басым тәртіппен қарастыру тетіктерін әзірлеу ұсынылды. Басқа ведомстволарға берілген ұсынымдар отандық өңделген өнімнің өткізу нарықтарын кеңейту, азық-түлік өнімдерін мемлекеттік сатып алу тетіктерін жетілдіру, сондай-ақ офтейк-келісімшарттар негізінде іске асырылатын жобаларды қаржылық сүйемелдеу мәселелерін қамтыды.

Құрылтай Төрағасының орынбасары Дания Еспаева қорытынды сөзінде ұсынымдарды іс жүзіне асырудың маңыздылығына тоқталып, Құрылтай олардың орындалуына пәрменді парламенттік бақылауды қамтамасыз ететінін атап өтті. Оның айтуынша, депутаттар қол жеткізілген нәтижелерді бағалау үшін алдағы уақытта бұл мәселеге қайта оралады. Басты нәтиже – жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар, бәсекеге қабілетті өнім шығару, еңбек өнімділігін арттыру және тұрақты жұмыс орындарын ашу болуға тиіс.

Үкімет сағатының қорытындысы бойынша БАҚ өкілдеріне арналған брифинг өтті. Журналистердің сұрақтарына Құрылтай депутаттары Наталья Годунова мен Алмат Әбдікешов, Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Олжас Сапарбеков пен Ауыл шаруашылығы вице-министрі Назгүл Хатепова жауап берді.

ӘDILET

24 ҚАРАША 2026 | СЕЙСЕНБІ

ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ – БАСТЫ БАҒДАР

Мектептер, ауруханалар мен өзге де мемлекеттік мекемелердің электр энергиясына, жылуға, су мен газға жұмсайтын шығынын қалай қысқартуға болады? Бюджет қаражатын үнемдеп, коммуналдық және энергетикалық инфрақұрылымды жаңғыртуға отандық бизнесті қалай тартуға болады? Осы мәселелер «Әділет» партиясы алаңында талқыланды. Мамандардың есептеуінше, тек бюджет саласында үнемдеу әлеуеті 11 млрд теңгені құрайды.

Талқылауға Құрылтай депутаттары, бейінді министрліктердің, Ұлттық энергия үнемдеу орталығының, «Атамекен» ҰКП-ның өкілдері және отандық кәсіпорындардың өкілдері қатысты.

Кездесудің негізгі тақырыбы – энергия тиімділігін арттыруға бағытталған өзара байланысы бар екі заң жобасын қарау. Ұсынылып отырған өзгерістер ресурстар шығынын кешенді түрде азайтуды, жылу және электрмен жабдықтау жүйелерін жаңғыртуды, мемлекеттік бақылауды жетілдіруді және жеке инвестицияларды тартуға жағдай жасауды көздейді.

Кездесуді ашқан «Әділет» партиясы төрағасының орынбасары Нұрсұлтан Байтілесов Мемлекет басшысының ресурс ысырабына жол бермеу және 2029 жылға қарай экономиканың энергия сыйымдылығын кемінде 15%-ға төмендету жөніндегі тапсырмасын еске салды. Оның айтуынша, заңнамаға енгізілетін өзгерістер талаптарды белгілеумен ғана шектелмей, заманауи технологияларды енгізуге экономикалық ынталандыру тетіктерін де қалыптастыруға тиіс.

– Энергия үнемдейтін технологияларды енгізуге нақты ынталандыру тетіктерін жасау маңызды. Сонымен қатар энергосервистік компанияларды іріктеу, әсіресе бюджет қаражаты пайдаланылатын жағдайда, ашық әрі бәсекелі болуы керек. Ал айыппұлдар құқықбұзушылықтың сипаты мен бизнестің қаржылық мүмкіндіктеріне сай белгіленуі қажет, – деді партия төрағасының орынбасары.

Заңнамаға енгізілетін жаңа нормалар бойынша бастамашылардың бірі, «Әділет» партиясынан сайланған Құрылтай депутаты Арман Қалықов қолданыстағы энергия үнемдеу шараларының басым бөлігі өнеркәсіп саласына бағытталғанын атап өтті. Енді ғимараттар секторындағы – мектептерде, ауруханаларда, балабақшаларда және басқа да мемлекеттік мекемелерде жұмысты күшейту ұсынылып отыр. Бұл ретте аталған нысандарда қолайлы температуралық режимді қамтамасыз етіп, ресурстарды тиімсіз тұтынуды азайту көзделген.



– Энергия үнемдеу – көзге көрінбейтін, бірақ ең таза әрі тиімді энергия көзі. Заң жобасы энергетикалық мониторингті әлеуметтік маңызы бар 5 мыңнан астам нысанға кеңейтуді, энергия үнемдеу жоспарларын Экологиялық кодекспен сәйкестендіруді, сондай-ақ ғимараттарды салу және мемлекеттік сатып алу кезінде энергия тиімділігіне қойылатын талаптарды жетілдіруді көздейді, – деді депутат.

Ұлттық энергия үнемдеу орталығы басқармасының төрағасы Бауржан Смағұлов ұсынылып отырған шаралардың кешенді сипаты мен экономикалық тиімділігіне назар аударды. Оның мәліметінше, бүгінде Мемлекеттік энергетикалық тізілім энергия ресурстарының 30 түрі бойынша тұтыну көлемін бақылап отыр. Ал мемлекеттік мекемелерге мониторинг жүргізу кезінде пайдаланылатын отын түрі, жылыту жүйелері және өңірлердің климаттық ерекшеліктері ескеріледі. Мамандардың бағалауынша, үнемделген бір киловатт-сағат энергия экономика үшін жаңадан өндірілген энергияға қарағанда екі-үш есе арзанға түседі.

Сарапшылар жылу, электр энергиясы мен суды ұтымды пайдалану мәселесін қолданыстағы ғимараттарды жаңартумен ғана шектемей, нысандарды жобалау кезеңінен бастап ескеру қажет екенін атап өтті. 20 мың мемлекеттік мекемеге жүргізілген мониторинг шығындарды азайтудың айтарлықтай әлеуеті бар екенін көрсетті. Ұлттық энергия үнемдеу орталығының есептеуінше, бюджет секторындағы үнемдеу көлемі 11 млрд теңгеге немесе 160 мың тонна шартты отынға бағаланып отыр. Өнеркәсіп саласындағы қосымша әлеует 106 ірі кәсіпорын бойынша тағы 260 мың тонна шартты отынды құрайды.

Құрылтай депутаты Сұңғат Есімханов энергия үнемдеу мәселесіне тек электр энергиясын үнемдеу тұрғысынан ғана емес, кең ауқымда қарау қажеттігін атап өтті. Оның айтуынша, бұл бағыттағы саясат газ, көмір, мұнай және су сияқты бастапқы ресурстарды, сондай-ақ электр энергиясы мен жалпы энергия сыйымдылығының шамамен 20 пайызын құрайтын мотор отынын қоса алғанда, қайталама ресурстарды да қамтуға тиіс. Сонымен қатар депутат ресурстарды ең көп тұтынатын 106 ірі кәсіпорынға бақылауды күшейтіп, энергетикалық аудиттің сапасын арттыруды ұсынды.

Ірі тұтынушыларға бақылауды күшейту мақсатында Сұңғат Есімханов бақылау функцияларын Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінен Энергетика министрлігіне беруді қарастыруды ұсынды. Оның айтуынша, Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің өңірлік департаменттері жоқ. Соның салдарынан тиісті басқарма ірі кәсіпорындарды толық қамтып, бақылау жүргізуде қиындықтарға тап болады. Депутаттың атап өтуінше, мұнда әңгіме негізгі энергия ресурстарын тұтынушыларға жүйелі бақылау орнату туралы болып отыр.

Бейінді мемлекеттік органдардың, соның ішінде жылу беру маусымының тұрақты өтуіне, электр стансаларының, электр желілері мен ұзындығы 13 мың шақырымды құрайтын жылу желілерінің жұмысына жауапты энергетикалық қадағалау органдарының өкілдері бақылау жүйесіндегі өзгерістерді қолданыстағы өкілеттіктер мен кадрлық жүктемені ескере отырып, кешенді түрде пысықтау қажеттігін атап өтті. Өз кезегінде «Атамекен» ҰКП өкілдері 2028 жылға қарай энергетикалық аудит саласында өзін-өзі реттеуге кезең-кезеңімен көшуді қарастыруды ұсынды.

Қатысушылар жеке инвестицияларды энергосервистік шарттар (ЭСКО) арқылы тарту мәселесіне де ерекше назар аударды. Бұл тетік бизнеске нысандарды өз қаражаты есебінен жаңғыртып, салған инвестициясын ресурстарды нақты үнемдеу есебінен қайтаруға мүмкіндік береді. Мұндай тәсілді электрмен жабдықтау саласында да, жылумен жабдықтау бағытында да қолдануға болады. Кездесуде айтылғандай, отандық өндірушілер жылу пункттерін автоматтандыруға арналған шешімдерді, энергия тиімділігі жоғары терезелер мен есіктерді, жарықдиодты шамдарды, заманауи сорғылар мен трансформаторларды жеткізуге дайын.

Alageum Electric ЖШС бас директоры Еркебұлан Ілиясов инфрақұрылымды ауқымды жаңғырту жағдайында суға, электр энергиясына және басқа да ресурстарға ұқыпты қарау объективті қажеттілікке айналғанын атап өтті. Оның айтуынша, мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін жетілдіру және бизнестің жаңғырту бағдарламаларына қолжетімділігін кеңейту жағдайында қазақстандық өндірушілер жабдықтарды жаңартуға өз қаражаты есебінен қатысуға дайын. Атап айтқанда, мемлекеттік сектордағы заманауи энергия тиімді трансформаторлардың өзін-өзі ақтау мерзімі шамамен екі жыл деп бағаланып отыр.

«Атамекен» ҰКП өкілдері мемлекеттік мекемелерді ресурстардың барлық түрін ұқыпты пайдалануға және жылумен жабдықтау жүйелерін жаңғыртуды қоса алғанда, ұзақмерзімді ЭСКО тетіктерін қолдануға ынталандыру үшін бюджеттік жоспарлауды түзетуді ұсынды. Сонымен қатар бизнес-қоғамдастық жеке инвестициялар есебінен әлеуметтік нысандарға күн электр станцияларын орнатудың заңнамалық шарттарын нетто-тұтыну тетігін пайдалана отырып пысықтауды ұсынды.

Құрылтай депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Бекжан Әлімқұлов ресурстарды үнемдеу саласында мемлекет пен бизнес арасындағы ынтымақтастықтың түсінікті әрі ашық қағидаларын қалыптастырудың маңыздылығын атап өтті. Қатысушылар өңірлерде пилоттық жобаларды іске қосу мәселесін де талқылады. Бұл жекелеген мектептердің мысалында жаңғыртудың нақты тиімділігін бағалап, үздік шешімдерді кеңінен енгізуге мүмкіндік береді.

Кездесу қорытындысы бойынша депутаттардың, мемлекеттік органдар мен бизнес өкілдерінің ұсыныстары заң жобаларын келесі талқылауға дайындау барысында жұмыс тобы тарапынан қосымша пысықталатын болады.

Бұл жұмыс «Әділет» партиясының 2026-2031 жылдарға арналған «Әділетті болашақ үшін» сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру аясында жүргізіліп жатыр. Құжатта барлық салада ресурстарды «жаппай үнемдеу» қағидатын орнықтыру көзделген. Атап айтқанда, су ресурстарын үнемдеу, 2030 жылға қарай тозу деңгейін 40%-ға дейін төмендете отырып, 86 мың шақырым инженерлік желіні жаңғырту, отандық өндірушілерге басымдық беру және бюджеттен тікелей шығын шығармай ЭСКО нарығын дамыту қарастырылған.

Бағдарламаның негізгі міндеттерінің қатарында тұтынушыларды жылу, электр энергиясы, су және газды есепке алатын заманауи құралдармен кезең-кезеңімен жабдықтау, әрбір киловатт, гигакалория мен текше метр есепке алынатын энергия үнемдеудің бірыңғай цифрлық платформасын құру, сондай-ақ азаматтардың коммуналдық шығындарын азайтуға бағытталған «Энергосауаттылық» ұлттық жобасын іске қосу бар.

ДАУА

ҚАРТТАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ АРТЫП КЕЛЕДІ



Шымкентте жыл басынан бері 6 730 зейнеткер санаторлық-сауықтыру қызметімен қамтылды. Қалада егде жастағы азаматтардың денсаулығын нығайтуға, белсенді өмір сүруіне және әлеуметтік қолдау көрсетуге бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Қоғамның әлеуметтік даму деңгейі оның аға буын өкілдеріне деген көзқарасымен де өлшенеді. Өмір бойы еңбек етіп, елдің өсіп-өркендеуіне үлес қосқан ардагерлер мен зейнеткерлерге қамқорлық көрсету – әлеуметтік саясаттың маңызды міндетінің бірі. Бұл ретте медициналық және санаторлық-сауықтыру қызметтерінің қолжетімді болуы ерекше мәнге ие. Өйткені егде жаста денсаулықты сақтау, созылмалы аурулардың асқынуының алдын алу, ағзаны қалпына келтіру және өмір сапасын жақсарту мәселелері алдыңғы қатарға шығады.

Шымкент қаласында осы бағыттағы әлеуметтік қолдау шаралары кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Қала әкімдігі зейнеткерлердің санаторлық-сауықтыру қызметтеріне қолжетімділігін арттыруды басым бағыттың бірі ретінде қарастырып отыр. Қала әкімінің бастамасы мен мәслихаттың тиісті шешімі негізінде биыл зейнеткерлерге 5 500 шипажайлық жолдама беру жоспарланған.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында бес шипажаймен келісімшарт жасалып, қызмет көрсету тетігі жолға қойылған. Шымкент қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқамасының мәліметінше, 1 қарашадағы мәлімет бойынша, осы ұйымдарға 3 850 жолдама берілген. Оның ішінде «Ақсу демі» шипажайына – 770, «Күлпаршынға» – 575, Zari шипажайына – 580, «Түлкібас саясына» – 575, ал «Айша бибіге» 1 350 жолдама бөлінген.

Бұл көрсеткіштер қаладағы санаторлық-сауықтыру қызметін ұйымдастыруда бірнеше медициналық-сауықтыру ұйымының әлеуеті пайдаланылып отырғанын аңғартады. Мұндай тәсіл қызмет көрсету мүмкіндіктерін кеңейтіп, зейнеткерлерді әртүрлі шипажайларға бағыттауға мүмкіндік береді.

ҚАМҚОРЛЫҚТЫҢ АУҚЫМЫ КЕҢЕЙІП КЕЛЕДІ

Зейнеткерлерді сауықтыру жұмысы тек мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясындағы шипажайлармен шектелмейді. Қаладағы басқармаға қарасты «Ізетті зейнеткер» орталығы да осы бағытта қызмет көрсетіп келеді. Бүгінге дейін орталық арқылы 2 880 зейнеткер санаторлық-сауықтыру қызметіне жолданған. Осылайша, жыл басынан бері Шымкент қаласында жалпы 6 730 зейнеткер сауықтыру қызметімен қамтылған. Жыл соңына дейін бұл көрсеткішті 9 мың адамға жеткізу жоспарланып отыр.

Мұндағы маңызды жайт – әлеуметтік қолдаудың сандық көрсеткішінде ғана емес, оның нақты қажеттілікке бағытталуында. Егде жастағы адамдар үшін шипажайда ем қабылдау – денсаулық жағдайын жақсартуға, дәрігерлердің бақылауынан өтуге, ағзаны оңалтуға және күнделікті өмірдегі белсенділікті сақтауға мүмкіндік беретін шара. Сондықтан мұндай қызметтерді әлеуметтік көмек жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастыру қажет. Әсіресе зейнетақы табысы шектеулі азаматтар үшін санаторлық-сауықтыру қызметін өз қаражаты есебінен алу әрдайым қолжетімді бола бермейді. Осы тұрғыдан алғанда, жергілікті бюджет пен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс тетіктері арқылы жолдамалар ұсыну әлеуметтік теңсіздікті азайтуға бағытталған нақты қолдау болып саналады.

ЭЛЕКТРОНДЫ КЕЗЕК – АШЫҚТЫҚ ПЕН ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ТЕТІГІ

Шипажайға жолдама беру үдерісінде цифрлық технологияларды пайдалану да маңызды рөл атқарады. Қазір Шымкентте өтінімдерді қабылдау және кезекті жүргізу geo-shym.kz платформасы арқылы автоматтандырылған. Электронды жүйе азаматтардың кезекке тіркелуіне, өтінімдерінің қаралу барысын бақылауына және жолдама беру үдерісін жүйелеуге мүмкіндік береді. Бұл – әлеуметтік қызмет көрсетуде ашықтықты қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам. Дегенмен бұл бағытта шешімін күтетін мәселе де бар. Қазіргі уақытта электронды кезекте 30 мыңнан астам азамат тіркелген. Ал бүгінде 2024 жылға дейін кезекке тұрған зейнеткерлерге жолдамалар кезең-кезеңімен беріліп жатыр.

Бұл дерек санаторлық-сауықтыру қызметіне деген сұраныстың жоғары екенін көрсетеді. Бір жағынан, жыл басынан бері 6 730 адамның қамтылуы атқарылып жатқан жұмыстың нақты нәтижесі. Екінші жағынан, кезекте тұрған азаматтардың саны қызмет көрсету көлемін алдағы уақытта да арттыру қажеттігін аңғартады.

Сондықтан алдағы кезеңде жолдама санын көбейтумен қатар, кезектің жылжу қарқынын жеделдету, қызмет көрсету сапасын бақылау, шипажайлардың қабылдау мүмкіндіктерін кеңейту және азаматтарды күту мерзімі туралы тұрақты хабардар ету маңызды болмақ.

ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТТЫҢ ӨЗЕГІ – АДАМҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

Шымкент халқының саны мен қаланың әлеуметтік инфрақұрылымына түсетін жүктемені ескерсек, егде жастағы азаматтарға арналған қызметтердің қолжетімділігін арттыру өзектілігін жоғалтпайды. Зейнеткерлерді сауықтыру, медициналық оңалтуға жағдай жасау және олардың қоғамдық өмірге белсенді араласуын қолдау – ұзақмерзімді әлеуметтік саясаттың құрамдас бөлігі.

Егде жастағы адамдардың денсаулығын нығайту шараларын тек шипажайлық еммен шектемей, күнделікті медициналық бақылау, профилактикалық тексерулер, оңалту қызметтері және белсенді ұзақ өмір сүру бағдарламаларымен сабақтастырудың маңызы зор. Шымкентте жыл басынан бері 6 730 зейнеткердің сауықтыру қызметімен қамтылуы – әлеуметтік қолдаудың нақты нәтижесі. Ал жыл соңына дейін 9 мың адамға жеткізу жөніндегі жоспар осы бағыттағы жұмыстың жалғасатынын көрсетеді.

Аға буынға құрмет көрсету – тек ізгі ниет пен жақсы сөздің көрінісі емес, олардың денсаулығы мен лайықты өмір сүруіне жағдай жасайтын нақты істерден көрінуінде.

РЕФОРМА

24 ҚАРАША 2026 | СЕЙСЕНБІ

Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының «Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы» жолдауы *(2026 жылғы 18 қарашада Қазақстан Республикасы Құрылтайының отырысында жария етілді).*



«КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢДЫЛЫҚТЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ ТУРАЛЫ» ЖОЛДАУ ЖАРИЯЛАНДЫ

Осы жолдау Қазақстан Республикасы Конституциясының 56-бабының 14) тармақшасын орындау мақсатында дайындалды.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 35 жылдығында жаңа Конституцияны қабылдау қазақстандық мемлекеттіліктің дамуындағы маңызды кезең болды. Оның ережелері одан әрі конституциялық құрылыс, құқықтық мемлекетті нығайту, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетіктерін кеңейту, жария биліктің жауапкершілігін арттыру бағыттарын айқындайды.

Мемлекеттік Тәуелсіздік мемлекеттік құрылыс негіздері мен қоғамдық даму бағыттарын айқындаудағы дербестікті ғана емес, сонымен қатар конституциялық құқықтық тәртіпті нығайту, ұлттық құқықтық жүйені дамыту және Конституцияның үстемдігін қамтамасыз ету жауапкершілігін білдіреді. Жаңа Конституция мемлекеттің, оның институттары мен қоғамның одан әрі дамуының құндылық бағдарларын айқындайды.

Конституцияны жаңарту заңнаманы жүйелі әрі дәйекті түрде қайта қарауды, оны жаңа конституциялық қағидаттар мен құндылықтарға сәйкес келтіруді талап етеді. Құқықтық реттеуді жетілдіру анықталған қайшылықтар мен олқылықтарды жоюға да, сондай-ақ заңнамадағы конституциялық-құқықтық тәуекелдердің алдын алуға да бағытталуы тиіс.

Осыған байланысты бәрінің заң және сот алдында тең болуына, өз бетінше шешімдер қабылдауға жол бермеуіне, құқықтық рәсімдерді сақтау және құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықтың бұлтартпастығына негіз болатын «Заң мен Тәртіп» қағидатының маңызы зор.

«Заң мен Тәртіп» қағидатымен өзара байланысты «Адал азамат» тұжырымдамасында конституциялық міндеттерді адал орындауды, заңға және басқа адамдардың құқықтарына құрметпен қарауды көздейтін жауапты азаматтың құндылық негізі айқындалған.

Бұл жұмыста Конституциялық Сот ерекше функцияны орындайды: құқықтық реттеуде конституциялық маңызы бар олқылықтарды анықтайды, міндетті конституциялық бағдарларды айқындайды және заңнамада әрі құқық қолдану практикасында осындай бұзушылықтардың алдын алуға ықпал етеді.

Ол қалыптастыратын құқықтық ұстанымдар заң жобаларын әзірлеу сатысында-ақ ескерілуге тиіс. Бұл конституцияға қайшы нормалардың қабылдануының алдын алуға, құқықтық қайшылықтардың алғышарттарын жоюға және нормашығармашылық сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Конституциялық бақылау органы заң шығарушының заңнамалық саясат мазмұнын айқындау жөніндегі өкілеттігін алмастырмай, оған конституциялық бағдарларды қалыптастырады.

Осы жолдауда алдыңғы жолдау жарияланғаннан кейінгі кезеңде Конституциялық Сотқа келіп түскен өтініштерді, оның қорытынды шешімдерін және олардың орындалу практикасын талдау нәтижелері жинақталған.

I. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢДЫЛЫҚТЫҢ ЖАЙ-КҮЙІНІҢ КӨРСЕТКІШІ РЕТІНДЕ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТҚА ЖҮГІНУ

Конституциялық Сот өз қызметін бастағаннан бері бүгінгі күнге дейін оған 18 000-нан астам өтініш келіп түсті. Оларды қарау қорытындысы бойынша 500-ден астам қаулы және 91 нормативтік қаулы қабылданды. Өтініш берушілердің (өтініш субъектілерінің) шамамен 99%-ын азаматтар құрады. Бұл азаматтардың конституциялық бақылауға жеке жүгіну мүмкіндігіне сұраныс жоғары екенін және оның адам құқықтарын қорғаудағы маңызды рөлін көрсетеді.

Азаматтар бұл мәселелерді шешу басқа мемлекеттік органдар мен жалпы юрисдикция соттарының өкілеттіктеріне жататынына қарамастан, сот актілерін қайта қарау, заңнаманы түсіндіру, лауазымды тұлғалардың әрекеттеріне шағымдану, құқықтық реттеуді жетілдіру мәселелерін көтерген өтініштер де болды.

Өтініштердің саны дау айтылып отырған нормалардың конституциялық еместігін білдірмейді, алайда олардың жаппай сипаты мен қайталануы өтініш жасауға негіздердің туындау себептерін, тиісті қатынастарды тиімсіз құқықтық реттеудің салдарларын және оның азаматтардың құқықтарына әсерін талдауды талап етеді.

Азаматтардың ұқсас мәселелер бойынша жүгіну жиілігі заңнамадағы жүйелі кемшіліктерді талдауға және оны жетілдіру басымдықтарын айқындауға бағдар болуға тиіс.

Жекелеген норманың мазмұнына ғана емес, оның заңнаманың өзара байланысты ережелері жүйесіндегі қолданысына да баға беру қажет. Норманың белгіленген талаптарға формальды түрде сәйкес келуі ол әділ және болжамды қолданылатынына кепілдік бермейді.

Проблемаларды анықтаудан бастап бұзушылықтардың алдын алуға дейін

Конституциялық Сотқа келіп түскен өтініштерді талдау заңнаманың олқылықтарын, қайшылықтарын және жеткіліксіз құқықтық айқындылығын, сондай-ақ оны практикалық қолдану проблемаларын анықтауға мүмкіндік береді.

Заңдылық, айқындылық және мөлшерлестік талаптары сақталған жағдайда ғана конституциялық құқықтарды шектеуге жол беріледі. Заңнамада мемлекеттік органдардың азаматтардың өтініштерді қарау және олар бойынша шешімдер қабылдаудың нақты рәсімдері болуға тиіс.

Құқықтық айқындылық, мөлшерлестік және болжамдылық адам құқықтарын қорғауды жүзеге асырудың қажетті шарттары болып табылады. Заңнамалық реттеу құқықтық нормалардың анықтылығын, құқықтық салдардың болжамдылығын, шектеулердің негізділігін және қорғаудың тиімді тетіктерінің болуын қамтамасыз етуге тиіс. Бұл талаптар қылмыстық сот ісін жүргізу, еңбек қатынастары және экономикалық құқықтар саласында ерекше маңызға ие, өйткені құқықтық реттеудің сапасы азаматтар мен ұйымдардың жағдайына тікелей әсер етеді.

Сот арқылы қорғалу құқығына қатысты азаматтардың өтініштері бойынша Конституциялық Сот құқықтық айқындылық, сот арқылы тиімді қорғалу және сот актілерінің түпкілікті болуы сияқты конституциялық маңызды негіздердің теңгерімін сақтауды басшылыққа алады. Процестік сүзгілер сот шешімдерінің тұрақтылығын қамтамасыз ету және сот ресурстарын тиімді пайдалану үшін қажет. Сонымен бірге олар соттың елеулі қателіктерін түзетуге негізсіз кедергі келтірмеуге тиіс. Азаматтық және әкімшілік соттардың соттылығының аражігін ажырату, ең алдымен, келіспеушілік нысанасына айналған даулы қатынастың құқықтық сипатына негізделуге тиіс. Мемлекеттік органның дауға қатысуы – осы дау әкімшілік сот ісін жүргізуге жатады деген сөз емес.

Өтініштердің сапасы және кәсіптік өкілдік ету

Конституциялық бақылау практикасы көрсетіп отырғандай, адвокаттар мен заң консультанттарының конституциялық іс жүргізуге қатысуы артып келеді. «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Конституциялық заңның 41-бабына сәйкес олар Конституциялық Сотқа жүгінген кезде азаматтардың мүдделерін білдіруге құқылы.

Егер 2023-2024 жылдар аралығындағы кезеңде кәсіптік өкілдер жыл сайын конституциялық іс жүргізудің жалпы санының жартысына ғана қатысса, соңғы екі жыл ішінде олар іс жүзінде барлық отырыстарға қатысады. Бұл заңды дәлелдеу сапасын және Конституциялық Сот төрелігіне қолжетімділігін арттыруға ықпал етеді. Алайда жекелеген өтініштерді дайындау кезінде Конституциялық Соттың бұрын қалыптасқан құқықтық ұстанымдары әрдайым есепке алына бермейді.

Адвокаттардың республикалық алқасы мен заң консультанттары палаталары адвокаттар мен заң консультанттарын конституциялық құқық және сот ісін жүргізу салалары бойынша арнайы даярлау мәселесін қарауды, сондай-ақ өтініштерді дайындау кезінде құқықтық ұстанымдарға алдын ала талдау жасау сапасын арттыруды орынды деп санаймыз.

II. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТТЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ ШЕШІМДЕРІ – КОНСТИТУЦИЯНЫҢ ҮСТЕМДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚҰРАЛЫ

Конституциялық бақылау нәтижесінде 23 норма мен 1 конституциялық заң Конституцияға сәйкес деп танылды, 14 норма конституциялық емес деп танылып, қолданыстағы құқық жүйесінен шығарылды, ал 19 нормаға конституциялық-құқықтық түсіндірме берілді.

Қорытынды шешімдер жекелеген құқықтық нормалардың айқындығы жеткіліксіз екенін, кейбір заңнамалық актілердің өзара үйлеспейтінін, процестік кепілдіктердегі олқылықтарды және азаматтардың құқықтары негізсіз шектелетінін анықтады.

III. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТТЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ ШЕШІМДЕРІН ІСКЕ АСЫРУ

Қазіргі уақытта Конституциялық Соттың 91 нормативтік қаулысының 70%-ы іске асырылды, 17 қаулыны Құрылтай депутаттарының заңнамалық бастамасы шеңберінде іске асыру жоспарлануда, ал қалған шешімдер бойынша мемлекеттік органдардың жұмысы жалғасуда.

Жекелеген нормаларға өзгерістер енгізу шешімнің толыққанды орындалғанын әрдайым білдіре бермейді. Өзара байланысты олқылықтар мен қайшылықтарды жою, заңнама нормаларының үйлесімділігін қамтамасыз ету және азаматтардың конституциялық құқықтарының нақты қалпына келтірілуі тұрғысынан нәтижеге баға беру талап етіледі. Конституциялық Соттың құқықтық ұстанымдарын мемлекеттік органдар мен соттардың уақытылы орындамауы конституциялық бақылаудың тиімділігін төмендетіп, осындай заң бұзушылықтардың қайталануына әкелуі мүмкін.

Сот практикасы және конституциялық заңдылықты қамтамасыз ету

Конституциялық бақылау органының тоғыз нормативтік қаулысын орындау мақсатында бірқатар сот актісі қайта қаралды. Соттарға жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша сот актілерін қайта қарау туралы арыздар келіп түсуде. 1 000-нан астам сот актісінде Конституциялық Соттың нормативтік қаулыларына сілтемелер бар.

Келтірілген көрсеткіштер Конституцияның тікелей қолданылу қағидатының біртіндеп нығайып келе жатқанын және Конституциялық Соттың құқықтық ұстанымдарының күнделікті сот практикасында қолданылып жатқанын көрсетеді. Нақты істерді қарау кезінде осы құқықтық ұстанымдарға сүйенуді және оларды сот түсіндірулерінде ескеруді қамтамасыз ету қажет.

Жоғарғы Соттың жеті нормативтік қаулысы Конституциялық Соттың құқықтық ұстанымдарына сәйкес келтірілді, тағы екі қаулы бойынша жұмыс жалғасуда.

Прокурорлық қадағалау және бұзылған құқықтарды қалпына келтіру

Конституциялық Соттың нормативтік қаулылары негізінде аз ғана уақыт ішінде прокуратура органдары 85 қадағалау және ден қою актісін енгізді. Нәтижесінде, 1 000-нан астам азаматтың құқықтары қалпына келтірілді, заңсыз өндіріп алынған 40 млн теңгеден астам қаражат пен зейнетақы төлемдері бойынша берешек қайтарылды, 46 лауазымды адам тәртіптік жауаптылыққа тартылды.

Қабылданған шаралар заңсыз әкімшілік жазаларды жоюға, зейнетақы төлемдерін қайта бастауға, әскери қызметшілердің, сотталғандардың және күзетпен ұсталған адамдардың құқықтарын қалпына келтіруге, ардагерлерге және мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз етуге, сондай-ақ азаматтардың еңбек және мүліктік құқықтарын қалпына келтіруге мүмкіндік берді.

IV. ЗАҢНАМАНЫ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНУ ПРАКТИКАСЫН ОДАН ӘРІ ЖЕТІЛДІРУДІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы – құқық жүйені жаңарту және мемлекеттік даму негізі

Негізгі Заңды қабылдау – құқықтық жүйені жаңарту жөніндегі ауқымды жұмыстың аяқталуы емес, бұл оның бастамасы. Оның нәтижелілігі қабылданған заңнамалық актілер мен құрылған институттардың санымен емес, конституциялық ережелердің заңнамада, мемлекеттік басқаруда және азаматтардың күнделікті өмірінде толыққанды жүзеге асырылуымен айқындалады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 17 наурыздағы № 1206 Жарлығымен жаңа Конституцияны іске асыру жөніндегі бірінші кезектегі шаралар көзделді. Кейінгі ұйымдастырушылық және нормативтік шешімдер, оның ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 1 шілдедегі № 1337 Жарлығы конституциялық реформаны практикалық тұрғыдан іске асырудың басталуын қамтамасыз етеді.

Осыған байланысты уәкілетті мемлекеттік органдар азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын негізсіз шектеуге жол беретін олқылықтарды, коллизияларды, айқын емес ережелерді анықтауға ерекше назар аудара отырып, тиісті салалардағы заңнамаға конституциялық-құқықтық мониторинг жүргізуі тиіс. Бұл жұмыстың нәтижелері Үкіметтің Қазақстан Республикасының құқықтық саясат саласындағы жаңа құжатын әзірлеуі және заң шығару қызметінің жоспарларын қалыптастыруы кезінде ескерілуі қажет.

Азаматтық, азаматтық процестік, қылмыстық, қылмыстық-процестік және әкімшілік заңнаманы жетілдіру – басым бағыттардың бірі. Оларды жаңарту материалдық және процестік нормалардың өзара байланысын, құқықтық ұғымдардың бірізділігін және құқықтық қорғау тетіктерінің өзара үйлесімділігін ескере отырып, кешенді түрде жүзеге асырылуға тиіс.

Жаңа Азаматтық кодексті әзірлеу кезінде Конституциялық Соттың азаматтық заңнама нормаларын тексеру қорытындысы бойынша құқықтық меншік құқығын, жеке өмірге қол сұғылмауды, шарт еркіндігін, азаматтық-құқықтық қатынастарға қатысушылардың тең болуын және азаматтық құқықтарды шектеудің мөлшерлестігін қамтамасыз ететін тиісті кепілдіктерге қатысты құқықтық ұстанымдары ескерілуі қажет.

Сот билігі тәуелсіздігінің конституциялық кепілдіктерін қамтамасыз ету мәселесі де жеке назар аударуды талап етеді. Конституциялық Сот бірқатар қорытынды шешімдерінде сот билігінің азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға тиіс, ал судья нақты істі қарау кезінде белгіленген мән-жайларға дербес баға беруге және олардың құқықтық сараланын Конституция мен заң негізінде айқындауға міндетті екенін атап өткен.

Жекелеген заңнамалық ережелер соттың қалау еркіндігін шамадан тыс шектейді, істі қарау нәтижесін алдын ала айқындайды немесе жеке мән-жайларды ескеруге мүмкіндік бермейтін жауаптылық шараларын қолданудың қатаң алгоритмдерін белгілейді. Мұндай құқықтық реттеу соттың сот төрелігін толыққанды жүзеге асыру және әділ шешім қабылдау мүмкіндігін шектеуі мүмкін.

Соттың дербестігін негізсіз шектейтін артық нұсқамалардың бар-жоғын анықтау үшін қолданыстағы заңнамаға мониторинг жүргізу қажет. Заң сот төрелігін жүзеге асырудың құқықтық шеңберін белгілеуге тиіс, бірақ сот қызметін алмастырмауға және істің мән-жайларына соттың жекедара баға беру мүмкіндігін жоққа шығармауға тиіс. Соттың дербес шешім қабылдауы оның қабылдаған шешімін негіздеу міндетін көздейді және заң талаптарынан өз бетінше ауытқуға жол бермейді.

Цифрлық трансформацияға байланысты туындайтын құқықтық реттеу сапасына қойылатын талаптар ерекше. 2026 жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялау, «Жасанды интеллект туралы» заң мен Цифрлық кодекстің қабылдау осы саладағы жаңа құқықтық бағдарларды айқындады.

Заңнама жаңа технологияларды енгізу мен дамытуды қамтамасыз етіп қана қоймай, оларды пайдаланудың нақты шектерін де белгілеуге тиіс. Жасанды интеллектіні қолданудың құқықтық негіздерін, оны пайдалана отырып қабылданатын шешімдер үшін жауапкершіліктің аражігін ажыратуды, алгоритмдердің ашықтығына қойылатын талаптарды және олардың нәтижелерін тексеру мүмкіндігі дәрежесін белгілеу қажет. Автоматтандырылған жүйелер адамның құқықтары мен заңды мүдделеріне әсер ететін жағдайларда адамның мазмұнды бақылауы, уәкілетті тұлғаның қабылданған шешімді мәні бойынша толыққанды қайта тексеру мүмкіндігі және оған тиімді түрде шағым жасау құқығы қамтамасыз етілуге тиіс.

Жаңа Конституцияда көзделген институционалдық қайта құрулар да құқықтық сабақтастық пен үздіксіз мемлекеттік басқаруға ерекше назар аударуды талап етеді. Өкілеттіктерді қайта бөлу, мемлекеттік органдардың құрылымын өзгерту және жаңа институттар құру құзыреттерді нақты ажыратумен, функциялардың қайталануын болдырмаумен және дербес жауапкершілікті айқындаумен қатар жүруге тиіс. Ұйымдастырушылық өзгерістер мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін төмендетуге немесе азаматтардың құқықтарын қорғау кепілдіктерін әлсіретуге әкелмеуге тиіс.

Конституциялық реформаның орнықтылығы көбінесе қоғамның конституциялық-құқықтық мәдениетінің деңгейіне байланысты. Конституцияның мәтінін білу оның нақты орындалуын өздігінен қамтамасыз етпейді. Конституциялық құқықтар мен міндеттердің мазмұнын, оларды қорғау тетіктерін, мемлекеттік билікті ұйымдастыру қағидаттарын және заңның сақталуына дербес жауаптылықты түсінуді қалыптастыру маңызды. Конституция нормаларын іске асырумен тікелей айналысатын мемлекеттік қызметшілерді, судьяларды, адвокаттарды және басқа да мамандарды кәсіптік даярлауға ерекше көңіл бөлу қажет.

Конституциялық-құқықтық ағарту мемлекеттік саясаттың тұрақты құрамдас бөлігі болуға, білім беру бағдарламаларын, кәсіптік даярлықты және қоғамдық бастамаларды қамтуға тиіс. Оның мақсаты – Конституцияны, адамның қадір-қасиетін құрметтеуге, заңдылық пен жауапкершілікке негізделген құқықтық мәдениетті қалыптастыру.

Мемлекеттің тәуелсіздігі Конституцияның үстемдігімен тығыз байланысты. Егемендік пен Тәуелсіздікті қорғау мемлекеттік институттарды сақтаумен ғана шектелмей, конституциялық құқықтық тәртіпті дәйекті түрде нығайтуды да көздейді. Бұл өзара байланыс Қазақстан Республикасы қызметінің түбегейлі қағидаттарын бекіткен Конституцияның 3-бабында көрініс тапты. Егемендік пен Тәуелсіздікті қорғаумен қатар, аталған қағидаттарға адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау, заң мен тәртіптің үстемдігін қамтамасыз ету, жалпыұлттық бірлікті нығайту, халықтың әл-ауқатын арттыру, жауапты әрі жасампаз патриотизм, қоғамдық диалогты дамыту, еңбекқорлық, прогресс пен білім құндылықтарын орнықтыру, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және тарихи-мәдени мұраны сақтау жатады.

Негізгі Заңда адами капиталды, білім беруді, ғылым мен инновацияны дамытудың мемлекет қызметінің стратегиялық бағыттары ретінде танылуы мемлекеттік құқықтық саясат үшін маңызды.

Нормашығармашылық субъектілеріне ерекше жауапкершілік жүктеледі. Қабылданатын әрбір нормативтік құқықтық акт Конституцияға тек нысаны жағынан ғана емес, мазмұны жағынан да сәйкес келуге, құқықтық айқындылықты, тең болуды, шектеулердің мөлшерлестігін және жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің мүдделері арасындағы ақылға қонымды теңгерімді көздеуге тиіс.

Құқық қолдану субъектілерінің жауапкершілігі де аса маңызды. Мемлекеттік органдар, соттар мен құқық қорғау органдары Конституцияның тікелей қолданылуын қамтамасыз етіп, заңды оның конституциялық мәніне қайшы келетіндей формальды түрде қолдануға жол бермеуге тиіс. Жария билікке берілген өкілеттіктер адамның құқықтарын қорғауға қызмет етуі, оларды жүзеге асыруға қосымша кедергілер туғызбауы керек.

Халықтық Конституция құқықтық қайта құрулардың жаңа кезеңінің бағытын ғана айқындап қоймай, мемлекеттік қызметтің сапасына және қоғамдық қатынастарға қатысушылардың барлығының жауапкершілігіне қойылатын талаптарды да күшейтеді. Конституцияның үстемдігі – бұл тек құқықтық талап қана емес, сонымен қатар мемлекет пен қоғамның қазіргі және келешек ұрпақ алдындағы ортақ жауапкершілігі.

Негізгі Заң мемлекеттік шешімдер мен өкілеттіктерді қабылдау және іске асыру кезінде нақты бағдар болып қалуы тиіс.

Жолдаудың толық мәтінімен Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының ресми сайтында танысуға болады.

Эльвира ӘЗІМОВА,
Конституциялық Сот Төрағасы

ҚОҒАМ

24 ҚАРАША 2026 | СЕЙСЕНБІ



АДАЛ АЗАМАТ

Астана – күн сайын жаңарып, өсіп-өркендеп келе жатқан қала. Елорда келбетін қалыптастырып, оның тыныс-тіршілігін жандандырып жүргендердің қатарында құрылысшылар мен дәрігерлер, ұстаздар мен инженерлер, мәдениет және өнер саласының сан мыңдаған қызметкері бар. Әсіресе қала мәдениетінің қалыптасуында, рухан жаңғыруында ұлттық өнердің өрісін кеңейтіп жүрген театр мамандарының еңбегі айрықша құрметке лайық.

Сахна сыртындағы САҢЛАҚ

Театр шымылдығы ашылған сәтте алуан бояуға малынған көркем сахна мен кейіпкерлердің сан қырлы өнері көрерменді баурап, бірден өнер әлеміне жетелейді. Алайда қойылымның көркем әрі шынайы шығуына әртістердің талантымен қатар сахна сыртындағы көзге көрінбейтін тынымсыз еңбек, ізденіс, ұжымдық үндестік пен үйлесімнің де зор әсері бар екенін ескере бермейміз.

Кез келген қойылымның көркемдік келбетін айшықтап, сахнадағы әрбір қимыл мен қозғалыстың мәнін ашуға декорацияның қосар үлесі зор. Ол – сахна төрін оқиға желісіне қарай «сөйлетіп», қойылымның атмосферасын қалыптастыратын маңызды көркемдік құрал. Ал декорацияның оқиға желісіне сай жылдам әрі мінсіз ауысып, әр бөлшектің өз орнында болуы үлкен жауапкершілік пен кәсіби шеберлікті қажет етеді. Бұл сахна монтері маманынан ұқыптылықты,ептілік пен шапшаңдықты талап ететін күрделі жұмыс. Сырт көзге қарапайым әрі елеусіз көрінетін еңбектің артында жылдар бойы жинақталған тәжірибе, темірдей тәртіп, төзім және өнерге деген шынайы құрмет жатыр. Сахна монтері үшін театрдағы еңбек жолы тек мамандыққа машықтану емес, өнердің ішкі тынысын сезініп, техникалық міндеттерді атқарумен қатар режиссердің шығармашылық ойын сахналық көрініске айналдыруға атсалысуымен де ерекшеленеді.

Театр өнерінде әр маманның өз орны, өз міндеті бар. Бірі сахнада кейіпкердің жан дүниесін ашып, көрерменге ерекше әсер сыйласа, енді бірі сол өнердің мінсіз өрілуіне жағдай жасайды. Әсіресе бір ұжымда отыз жыл бойы табан аудармай еңбек ету – мамандыққа деген сүйіспеншілік пен өнерге адалдықтың белгісі.

Астана қаласындағы Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының «Сахна механикасы» қызмет көрсету бөлімі басшысының орынбасары Марат Мамлин – осындай адал еңбек иелерінің бірі. Ол небәрі 19 жасында театрға жұмысқа орналасып, содан бері отыз жыл бойы осы өнер ордасының тыныс-тіршілігімен біте қайнасып келеді. Көрермен үшін театр – ғажайып әлем болса, Марат үшін ол – күнделікті еңбек, өмірінің бір бөлшегі, талай тағдыр мен таланттың тоғысқан ортасы.

Осы жылдар ішінде ол сахна сыртындағы талай қарбаласты бастан өткеріп, сан түрлі қойылымның дүниеге келуіне өз үлесін қосты. Әр қойылымның өзіндік ерекшелігі мен сахналық шешімін жүзеге асыруға атсалысып, театр өмірінің ажырамас бөлшегіне айналды.

– Театрда ұзақ жыл жұмыс істеу қиын болған жоқ. Мұнда 1996 жылы келдім. Ол кезде небәрі 19 жаста едім. Содан бері осы ұжыммен бірге өсіп, есейдім. Қуанышымды да, қайғымды да әріптестеріммен бөлістім. Бүгінгі жетістіктерім мен өмірімдегі жақсы сәттердің бәрінде осы ұжымның үлесі бар, – дейді Марат Мамлин.

Оның күнделікті жұмысы таңертең театр табалдырығын аттаған сәттен басталады. Ең алдымен сахнаға шығып, оның жай-күйін шолып, қажетті жабдықтардың дайындығын тексереді. Одан кейін алдыңғы қойылымнан қалған декорацияларды жинап, әрқайсысын өз орнына орналастырады. Ал репетиция жоспарланған күндері сахнаны дайындық жұмыстарына әзірлейді. Бір қарағанда, қалыпты жұмыс тәртібі сияқты көрінгенімен, мұның әрқайсысы мұқияттылық пен жауапкершілікті талап етеді.

– Бір қойылым үшін сахнаны әрлеу – бір адамның ғана емес, көптеген маманның еңбегін қажет етеді. Шығармашылық тұрғыдан да, техникалық жағынан да бұл – ұжымдық жұмыс. Театр өнер ордасы болғандықтан, мұнда еңбек ететін әрбір адам шығармашылыққа жақын болуы керек деп ойлаймын. Мысалы, сахна монтері болу үшін сахна сырын ұға алатын, оны жүрекпен қабылдайтын шеберлік пен ұсталық қасиет қажет.

Өмірімді сахнамен байланыстырғаныма ешқашан өкінбеймін. Өйткені осы ұжым, осы ғимарат өз үйімдей болып кетті. Есімде қалған қызықты сәттің көбі театр ұжымымен, сахнамен байланысты. LED экрандар әлі күнделікті қолданысқа ене қоймаған кез еді. Бірде әріптестерім плакат жасап, менің түрлі суретімді іліп, «Театр – менің екінші үйім» деген ерекше безендірумен туған күнімде құттықтады. Бұл – ұжымның маған деген қамқорлығы мен жылуын сездірген ұмытылмас сәттердің бірі, – деп еске алады ол.

Театрдағы еңбек жолында Марат Мамлин сахна сыртындағы талай қарбаластың ортасында жүріп, көптеген өнер иесімен бірге еңбек етті. Оның кәсіби тәжірибесі мен естеліктері – театр тарихының көрермен біле бермейтін бір парағы десек болады.

– Жылдарға ой жүгіртіп, артқа қарағанда, ең алдымен ұжымға алғыс айтқым келеді. Алдымызда қызық пен қуанышқа, жақсы естеліктерге толы жылдар көп болсын. Көрермен көңілінен шығатын қойылымдар мен мықты режиссерлер көбейе берсін деп тілеймін. Қасымда жүрген әріптестерімнің бәріне алғыс айтамын, басымды иемін, – дейді ол.

Марат Мамлин көп жылғы еңбек барысында жинақтаған тәжірибесін жастарға үйретуден де жалыққан емес. Оның пікірінше, жаңа технологиялар қаншалықты дамығанымен, қол еңбегінің де өзіндік орны мен маңызы бар.

– Жастар қазір жаңа технологиялармен жұмыс істеуге бейім. Дегенмен қол еңбегінің де өзіндік орны бар. Сахна монтерінің жұмысын, оның қыр-сырын білу артықтық етпейді. «Керек заттың ауырлығы жоқ» демекші, қандай мамандық болса да, оның қыр-сырын меңгерген пайдалы, – дейді тәжірибелі маман.

Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театры биыл 35 жылдық мерейтойын атап өтіп жатыр. Тәуелсіздікпен бірге түлеген өнер ордасының тарихында Марат Мамлин секілді қаншама еңбек адамының өзіндік қолтаңбасы бар. Театрдың әр кезеңі, әр қойылымы, әр жетістігінің артында өз ісіне адал жандардың маңдай тері жатыр. Марат Мамлиннің де отыз жылдық еңбек жолы осы өнер ордасының шежіресімен біте қайнасып, сахна сыртындағы еңбектің саңлағын қалыптастырды.

– Сахна сыртындағы қарбалас тірліктің ең үлкен марапаты – қойылым аяқталған сәттегі көрерменнің ыстық ықыласы мен әртістердің алғысы. Қойылымнан кейін режиссерлер мен әртістердің сахна сыртына шығып, рақмет айтқаны біз үшін өте үлкен баға деп ойлаймын. Басшылық тарапынан да талай марапат алдық. Баспаналы болдық, өсіп-өндік. Осының бәрі мен үшін ең үлкен марапат, ең үлкен қуаныш, – дейді Марат Мамлин.

Расында, өнердің өрісінің кеңеюі үшін міндетті түрде сахна төрінде өнер көрсету шарт емес екен. Кейде көрермен көзайымына айналған қойылымның артында тынымсыз еңбек етіп, өз міндетін үнсіз, мінсіз атқаратын жандар тұрады. Олар шымылдық сыртында жүрсе де, театрдың тыныс-тіршілігіне жан бітіріп, өнердің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосады. Марат Мамлин – сондай еңбегімен еленген, өнерге адал жандардың қатарындағы адал еңбек адамы.

Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ



Кез келген қойылымның көркемдік келбетін айшықтап, сахнадағы әрбір қимыл мен қозғалыстың мәнін ашуға декорацияның қосар үлесі зор. Ол – сахна төрін оқиға желісіне қарай «сөйлетіп», қойылымның атмосферасын қалыптастыратын маңызды көркемдік құрал.



ТАНЫМ

ӨТКЕННЕН СЫР ШЕРТКЕН ЖӘДІГЕР

Бір кездері Сыр бойында тіршілік еткен Тұран жолбарысы жайында аңыз әңгімелер ел арасында жиі айтылады. Ол уақытта айбарлы аң Арал маңы, Сырдарияның төменгі ағысы мен өзен жағасындағы қамысты алқаптарды мекен еткен екен.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Ертеректе Сырдарияның жағасын бойлай өскен ну тоғайларда жолбарыс жорткаңы жайындағы аңыз-әпсана көп. Ал тарихшылар мұны жай ғана тарихи дерек емес, сол кезеңде табиғаты бай, жануарлар дүниесі алуан түрлі болған Сыр өңірінің экологиялық шежіресі деп бағалайды. Жалпы, Тұран жолбарысы Орталық Азияны мекендеген азулы аңның тарихи популяциясы саналады. Ғылыми әдебиеттерде бұл аң Каспий жолбарысы деген атаумен де белгілі. Ол Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында, Орталық Азия өзендерінің аңғарларында тіршілік еткен көрінеді.

Дене тұрпаты ірі, алпауыт күш иесі өзен бойындағы тоғайлы, қамысты алқаптарда, суы мол, өсімдігі қалың, жабайы жануарларға бай өңірлерде тіршілік етіп, қабан, бұғы және басқа да тұяқты жануарларды негізгі қорегіне айналдырған. Ол уақытта Сырдария бойындағы табиғи тоғайлар да осындай тіршілік ортасына қолайлы болған деседі.

Алайда XX ғасырда бұл табиғи үйлесім күрт бұзылады. Оған шектен тыс аңшылық, өзен бойындағы тоғайлардың жойылуы, су жүйесінің өзгеруі және қорек қорының азаюы себеп болған. Осылайша, ғасырлар бойы Сырдария жағалауын мекендеген айбарлы аң Сыр бойынан біржола жойылып, тарих қойнауына кетті.

Сыр бойында Тұран жолбарысы тіршілік еткенін айғақтайтын дәлелдер аз емес. Тарихи дерекке сүйенсек, сол кезеңде жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігі табиғатпен тығыз байланыста болған. Өзен жағасындағы ну қамыс пен тоғай бір жағынан аң-құстың мекені болса, екінші жағынан егіншілікпен айналысқан жұрттың тіршілік ортасына айналады. Бірақ ол уақытта егістік алқапты жабайы жануарлардың жайпап кету жағдайлары жиі болған екен. Соған орай адамдар егістікке түскен жабайы жануарлардан қорғанудың түрлі амалын жүзеге асыра бастайды. Соның бірі – ел арасында «доңыз қауақ» аталған көне құралды жиі қолданылғаны айтылады. Бүгінде көпшілік біле бермейтін бұл бұйым Сыр өңіріндегі дәстүрлі тұрмыс пен халықтың ұсталық шеберлігінің бір көрінісі саналады.

«Доңыз қауақ» дегеніміз құрылысы қарапайым болғанымен, атқаратын қызметі ерекше тұрмыстық құрал. Ол піскен қауақтың төменгі бөлігін кесіп, ішін тазарту арқылы жасалған. Үлкен бөлігі түйенің өңделген шикі терісімен қапталып, ортасына аттың құйрық қылы өткізілген. Құралдың өзге бөліктеріне былғары белдік, жібек жіп және үзеңгі баулары бекітілген. Оны ат үстінде қолдануға ыңғайлап жасаған. Ылғалданған маталарды аттың қылына кезекпен жүргізгенде, ерекше жағымсыз дыбыс пайда болған. Мұндай дыбыс егістікке жақындаған жабайы жануарларды үркітуге арналған», – дейді Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу бөлімінің меңгерушісі Әйгерім Беккулиева.



Кейбір деректерге сүйенсек, Тұран жолбарысы мекендеген кезеңде өзен жағасындағы ну тоғайлар мен қамысты алқаптарда жабайы аңдар көп болған екен. Мұндай тұмса табиғи ортада жергілікті жұртшылық аңшылықты тұрмыс-тіршілігінің бір бөлігіне айналдырыпты. Әсіресе ірі жыртқыштарды аулау мақсатында аңшылық құралдарын жетілдіріп, темір өңдеу өнерін дамытқан деседі.

«Жолбарыс қақпаны» – сол дәуірден жеткен баға жетпес жәдігерлердің бірі. Мұны темірден соғылған көлемді әрі күрделі аңшылық құралы ретінде қарауға болады. Оның жасалу ерекшелігі сол кезеңдегі ұсталардың металл өңдеу тәжірибесін де аңғартады. Жалпы, қақпанның құрылымында төсек, қандыауыз, серпер, тіл, тиек, шынжыр және темір шығыршық секілді бөлшектер бар. Әрқайсысының өзіндік атауы мен атқаратын қызметі зор. Сонымен қатар бұл атаулардың өзі қазақ халқының аңшылық мәдениетінде қалыптасқан кәсіби сөздік қордың байлығын көрсетеді.

Жолбарыс қақпанының көлемі мен салмағы оның ірі аңдарға арналғанын аңғартады. Атап айтқанда, шынжырының ұзындығы – 2,70 метр болса, серіппесінің ені – 6,5 сантиметрді құрайды. Қақпанның сопақша пішінді негізгі бөлігінің ұзындығы – 80 сантиметр, табанының диаметрі – 50 сантиметр, ал тиегінің өлшемі 7 сантиметр болады. Мұндай бұйымдардың жасалуы темір ұсталарынан үлкен тәжірибе мен шеберлікті талап еткен. Сондықтан жолбарыс қақпаны аңшылық тарихымен қатар қазақ даласындағы дәстүрлі ұсталық өнердің бір көрінісі болып саналады.

Уақыт өте келе мұндай құралдар күнделікті тұрмыстық қолданыстан шықты. Дегенмен ел ішінде көне жәдігерлерді қайта жаңғырту арқылы өткеннің өнегесін бүгінгі ұрпаққа жеткізуге бетбұрыс байқалады.

Бұл ретте облысқа қарасты Сырдария ауданы А.Тоқмағамбетов ауылының тұрғыны, ағаш шебері Жәнібек Маханбет құнды жәдігерлерді қайта қалпына келтіру міндетін қолға алып, доңыз қауақтың жаңғыртпасын жасапты. Нәтижесінде шебердің еңбегі көне бұйымның сыртқы пішіні мен құрылымдық ерекшеліктерін қайта қалпына келтіруге сеп болды. Бұйымды әзірлеуде қауақ, түйе терісі, қайыс, жібек жіп және металл пайдаланылған. Жаңғыртпаның биіктігі 30 сантиметрді құрайды. Ал үлкен бөлігінің диаметрі – 23 сантиметр болса, кіші бөлігінің диаметрі – 14 сантиметрге тең. Қылдың ұзындығы – 60 сантиметр.

Тарихшылардың пайымдауынша, доңыз қауақ дегеніміз жай ғана тұрмыстық бұйым емес. Құнды жәдігер Сыр бойы халқының табиғатпен етене өмір сүріп, қоршаған ортаға бейімделу тәжірибесінің көрінісін аңғартады. Ал оның қайта жаңғыртылуы ұмыт қалған ұлттық мұраны түгендеуге қосылған үлес деп бағалауға лайық.

24 ҚАРАША 2026 | СЕЙСЕНБІ

ЕҰУ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДИАЛОГ АЛАҢЫНА АЙНАЛДЫ



Астанада 35 елден 500-ден астам қатысушыны жинаған QS Eurasia Forum 2026 халықаралық форумы өтті. Еуразия ұлттық университетінің алаңында ұйымдастырылған ауқымды жиынға әлемнің жетекші жоғары оқу орындарының басшылары, мемлекеттік органдар мен жұмыс берушілердің өкілдері, халықаралық сарапшылар, оқытушылар және студенттер қатысты. Халықаралық білім кеңістігіндегі өзекті мәселелерді талқылаған форум ЕҰУ-дың академиялық байланыстарды дамытудағы, ғылым мен жоғары білім саласындағы өңірлік ынтымақтастықты нығайтудағы рөлін айқындай түсті.

Форумды жоғары білім беру саласындағы зерттеулерімен танылған QS Quacquarelli Symonds халықаралық сараптамалық компаниясы мен қабылдаушы тарап ретінде Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ұйымдастырды. Бұл – университеттің халықаралық академиялық кеңістіктегі беделін нығайтып қана қоймай, Қазақстанның жоғары білім саласындағы әлеуетін әлемдік қауымдастыққа танытуға бағытталған маңызды қадам.

Measuring What Matters («Маңызды нәтижелерді бағалау») ұранымен өткен форумда жоғары білім беру жүйесін дамытудың өзекті мәселелері талқыланды. Атап айтқанда, түлектерді еңбек нарығындағы өзгерістерге бейімдеу, жасанды интеллектінің білім беру үдерісіне ықпалы, университеттер арасындағы білікті академиялық кадрлар үшін бәсекелестік мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар Еуразия, Азия және Таяу Шығыс арасындағы білім, ғылым және өнеркәсіп салаларындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған өңіраралық инновациялық байланыстарды дамыту, Астана мен Алматының халықаралық білім беру орталықтарына айналу мүмкіндіктеріне ерекше назар аударылды.

Форумның мазмұны мен көтерілген мәселелер ЕҰУ-дың даму бағдарымен де тікелей үндеседі. Бүгінде университеттің алдында білім сапасын арттырумен қатар, халықаралық ғылыми байланыстарды кеңейту, зерттеу нәтижелерін тәжірибеге енгізу, академиялық ұтқырлықты дамыту және бәсекеге қабілетті мамандар даярлау міндеттері тұр. Осы тұрғыдан алғанда, әлемнің әр түкпірінен келген университет басшылары мен сарапшылардың басын қосқан халықаралық форум ЕҰУ үшін тәжірибе алмасудың ғана емес, жаңа серіктестіктер орнатудың да маңызды алаңына айналды.

РЕЙТИНГТЕР ДАМУ БАҒЫТЫН АЙҚЫНДАУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

Форум спикерлері қатарында Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры Ерлан Сыдықов, QS компаниясының президенті әрі негізін қалаушы Нунцио Куакуарелли, Назарбаев университетінің президенті, профессор Вакар Ахмад, Грузияның Білім, ғылым және жастар министрінің орынбасары, профессор Звиад Габисония, Satbayev University ректоры Мейрам Бегентаев, Citibank Kazakhstan басшысы Сәуле Жақаева және басқа да халықаралық сарапшылар болды.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек халықаралық рейтингтердің маңызына тоқталып, университеттердің жетістігі тек әлемдік тізімдердегі орнымен емес, қоғам мен экономиканың дамуына қосқан нақты үлесімен өлшенуі керегін атап өтті.

«Рейтингтер – бедел немесе халықаралық тізімдердегі жоғары орын үшін ғана қажет көрсеткіш емес. Университет жұмысының нақты нәтижесі оның өңірдің, қоғамның, елдің дамуына және азаматтардың өміріне қаншалықты ықпал ететінімен өлшенеді. Соңғы жылдары қазақстандық университеттердің халықаралық рейтингтердегі көрсеткіштері айтарлықтай жақсарды. Бұл жетістіктер жоғары білім беру саласында жүйелі түрде жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік саясаттың нәтижесін көрсетеді», – деді министр.



Министрдің бұл пікірі форумның негізгі идеясының мәнін аша түсті. Өйткені бүгінгі университеттің бәсекеге қабілеттілігі оның халықаралық беделімен ғана емес, ғылыми зерттеулерінің нәтижелігімен, білім алушыларға ұсынатын мүмкіндіктерімен, түлектерінің еңбек нарығындағы сұранысымен және ел дамуына тигізетін ықпалымен айқындалады. Осы орайда ЕҰУ-дың халықаралық рейтингтердегі нәтижелерін жақсарту, ғылыми әлеуетін арттыру және академиялық әріптестік аясын кеңейту бағытындағы жұмыстарының маңызы зор.

Форумның басты ұйымдастырушыларының бірі әрі қабылдаушы тарап ретінде Еуразия ұлттық университетінің ректоры Ерлан Сыдықов халықаралық бағалаудың жоғары оқу орындары үшін стратегиялық маңызын атап өтті. Оның айтуынша, рейтингтер университеттің әлемдік білім кеңістігіндегі орнын бағалауға, жетістіктерін саралауға және алдағы даму бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді. Алайда мұндай көрсеткіштердің шынайы құндылығы университеттің күнделікті қызметіне, оқытушының кәсіби өсуіне, зерттеушінің ғылыми ізденісіне және студенттің білім алу сапасына ықпал еткенде ғана көрінеді.

Халықаралық жиын университеттің ғылыми және академиялық әлеуетін таныстырып қана қоймай, шетелдік жоғары оқу орындарымен тікелей байланыс орнатуға, бірлескен жобаларды талқылауға және білім беру мен ғылымдағы озық тәжірибелерді зерделеуге жол ашады. Әсіресе әлемдік университеттердің басшылары мен халықаралық сарапшылардың бір алаңда бас қосуы ЕҰУ-дың жаһандық академиялық желідегі байланыстарын тереңдетуге мүмкіндік береді.

Форумның негізгі тақырыбының бірі университеттерді басқарудағы деректердің рөлі мен оларды тиімді пайдалану мәселесі болды. Қатысушылар жоғары оқу орындары басшыларының қандай көрсеткіштерге басымдық беруі керектігін, қолда бар ақпаратты білім сапасын арттыру, ғылыми зерттеулердің нәтижелілігін жақсарту және университеттердің ұлттық экономиканың дамуына қосатын үлесін күшейту үшін қалай пайдалануға болатынын талқылады.

QS компаниясының президенті әрі негізін қалаушы Нунцио Куакуарелли қазіргі университеттерде деректер көлемінің артуы өздігінен тиімді шешім қабылдауға жеткіліксіз екенін айтты. Оның пікірінше, табысты жоғары оқу орындары алдымен нақты мақсаттарын айқындап, содан кейін сол нәтижелерге жету жолындағы ілгерілеуін жүйелі түрде бағалауы қажет.

«Бүгінде Еуразия университеттерінде бұрын-соңды болмаған көлемде деректер жинақталған. Алайда деректер санының артуы өздігінен тиімді шешім қабылдауға әкелмейді. Табысқа жететін университеттер алдымен студенттері мен экономика үшін қандай нәтижеге қол жеткізгісі келетінін айқындап, содан кейін сол мақсаттарға жету жолындағы ілгерілеуін жүйелі түрде бағалайды. Қазақстан жоғары білім берудің өңірлік орталығына айналуды мақсат етіп отыр. Сондықтан Астана – жекелеген университеттердің ғана емес, тұтас өңірдің даму деңгейін бағалау мәселелерін талқылауға қолайлы алаң», – деді Нунцио Куакуарелли.

Форумның негізгі тақырыбының бірі университеттерді басқарудағы деректердің рөлі мен оларды тиімді пайдалану мәселесі болды. Қатысушылар жоғары оқу орындары басшыларының қандай көрсеткіштерге басымдық беруі керектігін, қолда бар ақпаратты білім сапасын арттыру, ғылыми зерттеулердің нәтижелілігін жақсарту және университеттердің ұлттық экономиканың дамуына қосатын үлесін күшейту үшін қалай пайдалануға болатынын талқылады.

QS басшысының пікірі Қазақстанның өңірлік білім беру орталығына айналу мақсатына ЕҰУ-дың да тікелей үлес қоса алатынын аңғартады. Университеттің халықаралық форумды қабылдауы – осы бағыттағы жұмыстың нақты көрінісі. Мұндай алаңдар арқылы ЕҰУ шетелдік академиялық қауымдастықпен байланысын нығайтып, ғылыми зерттеулерге жаңа серіктестер тарта алады. Сонымен бірге Астананың халықаралық білім беру орталығы ретіндегі танымалдығын арттыруға ықпал етеді.

Форум бағдарламасы жоғары білім беруді дамытудың негізгі мәселелері мен келешегіне арналған пленарлық отырыстар мен панельдік пікірталастардан тұрды.

ӘЛЕМДІК ӘРІПТЕСТІККЕ ЖОЛ АШҚАН ФОРУМ

Жиынның негізгі тақырыбының бірі университеттердің цифрлық трансформациясы және жасанды интеллектіні білім беру үдерісінде қолдану болды. Сарапшылар студенттер мен оқытушылардың жасанды интеллект саласындағы құзыреттерін қалыптастыру, цифрлық экономикаға қажетті мамандар даярлау, сондай-ақ жаңа технологияларды жауапкершілікпен әрі этикалық тұрғыдан пайдалану мәселелерін талқылады.

Бұл тақырып ЕҰУ үшін де ерекше өзекті. Себебі жасанды интеллект пен цифрлық технологиялар жоғары білім беру мазмұнын түбегейлі өзгертіп, оқыту мен ғылыми зерттеудің жаңа мүмкіндіктерін қалыптастыруда. Университеттердің міндеті – технологияны оқу үдерісіне енгізумен шектелмей, оны тиімді пайдалана алатын, сыни ойлайтын, зерттеу жүргізіп, инновациялық шешімдер ұсына білетін мамандар даярлау. Форум аясындағы пікірталастар осындай міндеттерді жүзеге асырудың халықаралық тәжірибесін зерделеуге мүмкіндік берді.

Назарбаев университетінің президенті, профессор Вакар Ахмадтың форумға қатысуы да академиялық қауымдастық арасындағы тәжірибе алмасудың маңызын арттырды. Сонымен қатар Грузияның Білім, ғылым және жастар министрінің орынбасары Звиад Габисония, Satbayev University ректоры Мейрам Бегентаев, Narxoz Business School деканы Гүлнара Күренкеева және басқа да сарапшылардың қатысуы жоғары білімнің әртүрлі бағыттары бойынша пікір алмасуға мүмкіндік берді. Citibank Kazakhstan басшысы Сәуле Жақаеваның қатысуы ЕҰУ үшін халықаралық ғылыми жобаларға қатысу, шетелдік зерттеу орталықтарымен байланыс орнату, академиялық ұтқырлықты кеңейту және бірлескен білім беру бағдарламаларын дамыту маңызды. Өйткені қазіргі ғылыми жетістіктер көбіне халықаралық ынтымақтастықтың нәтижесінде жүзеге асады. Ал университеттердің өндіріс орындарымен және бизнес құрылымдарымен байланысы ғылыми жаңалықтарды тәжірибеге енгізіп, экономиканың нақты сұранысына жауап беретін технологиялық шешімдер жасауға жол ашады.

Пікірталастар барысында білікті ғылыми кадрларды тарту және ұстап қалу, Астана мен Алматының халықаралық білім беру орталықтары ретіндегі тартымдылығын арттыру, университеттерді басқару жүйесін жетілдіру және түлектерді еңбек нарығының қазіргі талаптарына сай даярлау мәселелері де қозғалды. Шетелдік жоғары оқу орындарының басшылары халықаралық беделді нығайту, ғылыми зерттеулерді дамыту, академиялық ынтымақтастық аясын кеңейту және әлемдік университеттік рейтингтердегі көрсеткіштерді жақсарту тәжірибелерімен бөлісті. Мұндай тәжірибелермен танысу ЕҰУ-дың өз даму стратегиясын жетілдіруіне, халықаралық талаптарға сай жаңа бастамаларды жүзеге асыруына мүмкіндік береді.

Форум аясында QS Stars және QS World University Rankings 2027 марапаттау рәсімі де өтті. Бұл рәсім халықаралық бағалау жүйесінде жоғары нәтижелерге қол жеткізген жоғары оқу орындарының жетістіктерін таныстырып, олардың білім беру мен ғылыми қызметтегі тәжірибесін ортаға салуға арналды.

Айта кетейік, QS Eurasia Forum биыл екінші рет ұйымдастырылды. Алғашқы форум 2025 жылғы қарашада Ташкент қаласында өтіп, оған университеттер, мемлекеттік органдар мен бизнес өкілдерінен 300-ден астам адам қатысты. Сол жиында 2026 жылғы форумды өткізу құқығы Еуразия ұлттық университетіне берілді.

Осылайша, былтыр Ташкентте басталған халықаралық академиялық диалог биыл Астанада жалғасын тапты. Ал келесі форумды өткізу құқығының ЕҰУ-ға берілуі университеттің халықаралық әріптестік орнатудағы әлеуетіне және ұйымдастырушылық мүмкіндіктеріне көрсетілген сенімнің белгісі болды. 35 елден 500-ден астам қатысушыны бір алаңға жинаған QS Eurasia Forum 2026 Еуразия ұлттық университетінің халықаралық білім кеңістігіндегі орнын айқындайтын маңызды оқиғаға айналды. ЕҰУ бұл жолы халықаралық форумды қабылдаушы тарап қана емес, жоғары білімнің болашағына қатысты өзекті мәселелер талқыланған, жаңа академиялық байланыстарға жол ашылған зияткерлік алаң ретінде танылды. Мұның өзі университеттің өңірлік және жаһандық деңгейдегі беделін нығайтып, Астананың Еуразиядағы білім мен ғылым орталығы ретіндегі әлеуетін арттыруға қосылған елеулі үлес деуге болады. Айналып келгенде, мұның барлығы – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың білім мен ғылымды ел дамуының стратегиялық басымдығы ретінде айқындаған саясатының нақты нәтижесі. Президент отандық жоғары білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, ғылымды экономиканың қозғаушы күшіне айналдыру, халықаралық академиялық ынтымақтастықты кеңейту бағытында жүйелі міндеттер қойып келеді. Бұл міндеттерді жүзеге асыруда жетекші жоғары оқу орындарына, соның ішінде Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне жүктелер жауапкершілік зор. Өйткені ЕҰУ – елордадағы іргелі білім ордасы ғана емес, отандық ғылымның дамуына үлес қосып, халықаралық академиялық кеңістікпен байланыс орнатып отырған ірі зияткерлік орталық. QS Eurasia Forum сияқты ауқымды халықаралық жиынды қабылдауы университеттің осы бағыттағы әлеуетін айқындайды. ЕҰУ-дың мұндай бастамалары Қазақстанның әлемдік білім кеңістігіндегі орнын нығайтуға, Астананың өңірлік академиялық орталық ретіндегі беделін арттыруға және Президент айқындаған білімді, ғылымды, технологияны басымдық еткен ел құру мақсатын жүзеге асыруға қызмет етеді.

Ардақ СҰЛТАН

СЕРПІН

24 ҚАРАША 2026 | СЕЙСЕНБІ



МАҢҒЫСТАУ МӘДЕНИЕТІ: ТАРИХТЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ, ЖАҢАНЫҢ ЖАРШЫСЫ

Маңғыстау өңірінің тарихы қашан да мәдениетпен астасып жатады. Себебі аймақтың өткеніне үңілсек, қанша дәуірдің көзіндей болған тарихи ескерткіштер, ұлт руханиятына ерен еңбегі сіңген тұлғалардың көп болғанын байқаймыз. Бұл игі істер бүгін де жалғасын тауып отыр. Жергілікті билік мәдениет саласына ерекше көңіл бөліп, соның арқасында дамудың анық жолынан жаңылысқан емес.

Мадияр ТӨЛЕУ

ИГІ БАСТАМАЛАР БАҒДАРЫ

Әрине, бір өңірдің әр бағыттағы өсу қарқынын сараларда жауаптылардың ресми мәліметі арқылы бағамдарымыз белгілі. Маңғыстау облысының Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Нұртас Төребекұлынан алдымен мәдениет саласының қаржыландыру жайын сұрастырып көрдік. Биыл Маңғыстау облысында мәдениет саласын дамытуға жергілікті бюджеттен 10,7 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінген. Қаражаттың негізгі бөлігі мәдениет ұйымдарының, атап айтқанда, театрлар, музейлер, кітапханалар және басқа да мәдениет ұйымдарының тұрақты қызметін қамтамасыз етуге, шығармашылық жобаларды іске асыруға және мәдени-көпшілік іс-шараларды өткізуге бағытталған екен.

– Мәдениет саласының инфрақұрылымын дамыту шеңберінде жаңа нысандардың құрылысын жүргізуге басымдық берілді. Соның бірі – Мұнайлы ауданының Батыр ауылындағы 200 орындық мәдениет үйі мен кітапхана құрылысы. Жалпы, атқарылып жатқан жұмыстар мәдениет ұйымдарының материалдық-техникалық мүмкіндіктерін арттыруға, олардың қызмет көрсету сапасын жақсартуға, тұрғындар үшін қолайлы мәдени орта қалыптастыруға және өңірдің мәдени инфрақұрылымын кезең-кезеңімен жаңғыртуға бағытталған, – дейді басқарма басшысы Нұртас Сали.

Маңғыстау облысында мәдени инфрақұрылымды дамытуға бағытталған жобаларды іске асыруда бюджеттен тыс қаражат пен демеушілік қолдауды тартуға да ерекше мән берілген екен. Мәселен, Жаңаөзен қаласындағы Орталық қалалық кітапхана құрылысы «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының қолдауымен жүзеге асты. Нысанның құрылысына 1,7 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінген болатын.

Елімізде тарихи-мәдени мұраларға бай, туристік әлеуеті жоғары өңірлердің қатарында Маңғыстау бар. Сондықтан тарихи ескерткіштерді сақтай отырып, туризмді дамытуға жағдай жасау маңызды. Мысалы, биылғы шілде айында Кореяның Пусан қаласында өткен ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра комитетінің 48-сессиясында Бекет ата, Шопан ата, Шақпақ ата, Қараман ата және Сұлтан үпі жерасты мешіттері Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілді. Аталған нысандардың ЮНЕСКО тізіміне енуі Маңғыстау облысының туристік әлеуетін арттырып, шетелдік саяхатшылар мен туристік агенттіктердің қызығушылығын оятты. Өз кезегінде, мұндай шаралар алдағы уақытта туристер санының артуына, жаңа туристік бағыттардың қалыптасуына және Маңғыстау облысының халықаралық деңгейде танылуына оң ықпал етпек. Әрине, туристердің санын арттырумен қатар, тарихи ескерткіштердің бастапқы қалпын сақтау да аса маңызды. Сондықтан туризмді дамыту жұмыстары тарихи мұраларды қорғау талаптарымен қатар жүргізілуі қажет.

– Жалпы, қазір облыста мемлекеттік қорғауға алынған 601 тарихи-мәдени ескерткіш бар. Оның 25-і республикалық, 576-сы жергілікті маңызға ие.

Ескерткіштерді сақтау және олардың жағдайын жақсарту мақсатында консервациялау және ғылыми-реставрациялау жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Биыл бұл бағыттағы бес тарихи ескерткішке – Маңғыстау ауданындағы Олжақыз күмбезтамы, Тілеміс күмбезтамы, Толыбай қорымы, Қожакүмбет күмбезтамы және Түпқараған ауданындағы Қосым тарихи нысандарына ғылыми-реставрациялау жұмыстары жүргізіліп, қалпына келтірілді, – деді Н.Сали.

Ал қосымша қаржыландыру мәселесіне келсек, тарихи ескерткіштерді сақтау жұмыстары республикалық және жергілікті бюджеттер, сондай-ақ демеушілердің қолдауы есебінен жүзеге асырылып келеді. Былтыр өңірдің туристік әлеуетін арттыру және табиғаты ерекше көркем локацияларын кеңінен таныту мақсатында ұлттық салт-дәстүрді дәріптеуге бағытталған «Ақмая Fest» фестивалі ұйымдастырылды. Айрақтының әсем табиғаты аясында өткен шараға 15 мыңнан астам адам жиналды. Олардың ішінде Ресей, Франция, Қырғызстан, Англия және Еуропаның бірнеше елдерінен келген туристер де бар.

ТАРИХ ПЕН ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДІҢ ҮЙЛЕСІМІ

Бүгінде облыстағы мәдениет саласының нысандарында цифрлық технологияларды қолдану және көрермендер мен келушілерге қызмет көрсетуді заманауи форматқа көшіру бағытында елеулі жұмыстар атқарылып жатыр. Тарихи-мәдени мұраларды халыққа және туристерге кеңінен таныстыру мақсатында Маңғыстау интерактивті картасы» сайтына қазір 83 тарихи-мәдени ескерткіш туралы ақпарат енгізілген және жыл сайын жаңа нысандар бойынша ақпараттармен толықтырылып отырады. Онда тұрғындар мен туристер ескерткіш нысандарының суреттері мен 3D-панорамалары, орналасқан орны және басқа да қосымша мәліметтермен таныса алады.





2024 жылдан бастап SAQTAU автоматтандырылған жүйесі жұмыс істейді. Қазір жүйеге 420 тарихи ескерткіштің құжаттары, яғни паспорттары, есеп карточкалары және жобалық құжаттары енгізілген. Бұл ескерткіштер туралы мәліметтерді электронды түрде сақтауға және оларды есепке алу жұмыстарын жеңілдетуге ықпал етеді.

Мұндай цифрлық шешімдер көрерменнің уақытын үнемдеп қана қоймай, мәдени іс-шараларға қолжетімділікті арттырып, билет айналымын электронды форматта ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар онлайн сатылым арқылы көрермендердің сұранысын бақылауға және қандай мәдени бағдарламаларға қызығушылық жоғары екенін саралауға мүмкіндік бар.

Алдағы уақытта цифрландыруды мәдениет саласының басқа да бағыттарына кеңейту маңызды. Атап айтқанда, тарихи-мәдени және киелі нысандарда QR-кодтар арқылы ақпарат беру, виртуалды турлар ұйымдастыру, келушілер ағынын электронды түрде есепке алу және мониторинг жүргізу сияқты заманауи мүмкіндіктерді кезең-кезеңімен енгізу нысандар жайлы ақпараттың қолжетімділігін арттырады.

Маңғыстау облысының мәдениет саласының материалдық-техникалық базасын жүйелі түрде жаңғырту және нығайту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылған. Кейінгі үш жылда мәдениет ұйымдарының заманауи талаптарға сай қызмет көрсету мүмкіндіктерін арттыру мақсатында облыстық Н.Жантөрин атындағы музыкалық-драма театрына, облыстық ғылыми-әдістемелік және мәдени қызмет көрсету орталығына, облыстық тарихи-өлкетану музейіне, кітапхана және басқа да мәдениет ұйымдарына заманауи LED экрандар, музыкалық аппаратуралар, компьютерлік техника, кеңсе жиһаздары және қажетті құрал-жабдықтар алынған.

Сонымен қатар мәдениет ұйымдарының материалдық-техникалық әлеуетін арттыру және шығармашылық ұжымдардың қызметтік қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында автокөлік паркі жаңартылды. Аталған жұмыстардың нәтижесінде кейінгі үш жылда облыс мәдениет ұйымдарының материалдық-техникалық базасы едәуір нығайып, шығармашылық ұжымдардың заманауи жабдықтармен қамтылу деңгейі артты.

Материалдық-техникалық базаны жаңғырту жұмыстары мемлекеттік қолдаумен қатар, әлеуметтік серіктестік пен қайырымдылық бастамалар аясында да жалғасын табуда. Осы бағытта биыл «Мәдениет даму алаңы» қайырымдылық жобасы аясында Маңғыстау облысынан Бейнеу ауданының аудандық мәдениет үйі мен Түпқараған ауданы Сайын Шапағатов ауылының мәдениет үйі іріктелді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ДАҢҒЫЛ

2025 жылғы 14 наурызда Бурабай курорттық аймағында өткен VI Ұлттық құрылтай отырысында Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2026 жылдан бастап жыл сайынғы мәдени іс-шаралар күнтізбесі әзірленді. Аталған күнтізбеге Маңғыстау облысынан ұлттық және халықаралық деңгейдегі үш ірі мәдени іс-шара – Амал мерекесі, SHUBAT FEST шұбат фестивалі және «Каспий – достық теңізі» халықаралық фестивалі енгізілді.

Маңғыстаудың оқиғалық туризміндегі маңызды мерекенің бірі – Амал мерекесі аясында аналар фестивалі, қолөнер көрме-жәрмеңкесі, ұлттық спорт түрлерінен жарыстар, театрландырылған қойылымдар, жыр-терме кештері, концерттік бағдарламалар және көрісу дәстүріне арналған мерекелік шаралар ұйымдастырылды. Іс-шараларға еліміздің әр өңірінен келген қонақтармен қатар Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия елдерінен келген шетелдік туристерді қоса алғанда, 5 мыңнан астам адам қатысты.

Өңірдің гастрономиялық әлеуетін кеңінен танытатын маңызды жобаның бірі – SHUBAT FEST-2026 фестивалі. Ақтау қаласының Амфитеатр алаңында өткен фестивальге 15 мыңнан астам адам қатысып, Маңғыстау, Атырау, Қызылорда және Түркістан облыстарының кәсіпкерлері мен шаруа қожалықтарының өкілдері бас қосты.

Сонымен қатар «Каспий – достық теңізі» халықаралық фестивалі аясында Қазақстан, Ресей, Әзербайжан, Түркменстан және Иран өнерпаздарының қатысуымен мәдени-шығармашылық іс-шаралар өткізіліп, Каспий маңы мемлекеттері арасындағы мәдени байланыстарды нығайтуға мүмкіндік берді.

– Маңғыстау облысында халықаралық мәдени жобаларды тұрақты өткізу тәжірибесі қалыптасты. Атап айтқанда, 2018 жылдан бері екі жылда бір рет Мұрат Өскінбаев атындағы халықаралық өнер байқауы, сондай-ақ ABISH ALEMI халықаралық театр фестивалі өткізіліп келеді. Бұл жобалар ұлттық мәдени мұраны халықаралық деңгейде насихаттап, шетелдік шығармашылық ұжымдармен байланысты нығайтуға мүмкіндік берді.

14 наурызда атап өтілетін Амал мерекесі халықаралық деңгейдегі мәдени-туристік брендке айналып келеді. Сондай-ақ 2025 жылы Ақтау қаласы Түркі әлемінің мәдени астанасы ретінде таңдалды. Күллі түркі дүниесінен келген қонақтарға Маңғыстаудың тұрмысы мен мәдениетін, қазақ халқына тән салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарын және даңқты бабалар ізін жалғаған қасиетті өлкенің бай тарихы дәріптелді, – деді Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Нұртас Төребекұлы.



Өңірдің өнер ұжымдары да халықаралық фестивальдер мен гастрольдік сапарларға тұрақты қатысып, Маңғыстау мәдениетін шетелде танытып келеді. Мәселен, Н.Жантөрин атындағы Маңғыстау облыстық музыкалық драма театры 2024 жылы Қытай Халық Республикасының Үрімші қаласында өткен Қазақ өнері мен мәдениеті күндері аясындағы фестивальге және Түрікменстанның Ашхабад қаласында ұйымдастырылған Түркі елдері театрларының халықаралық фестиваліне қатысты. Ал 2025 жылы III Халықаралық ТҮРКСОЙ театр фестивалін ұйымдастырып, жеті мемлекеттен тоғыз театр ұжымының басын қосты. Фестиваль шетелдік театрлардың шығармашылық тәжірибесімен танысуға, ұлттық драматургия мен сахналық өнердің ерекшеліктерін зерделеуге және халықаралық әріптестікті дамытуға мүмкіндік берді. Сондай-ақ театр Литваның Рокишкис және Утена қалаларында өткен Theater cluster-2025 халықаралық театр фестиваліне қатысып, Ә. Кекілбайұлының «Шыңырау» спектаклін ұсынды.

2025 жылы Ақтау қаласында алғаш рет «Қорқыт ата» халықаралық кинофестивалі өткізіліп, түркі әлемі елдерінің киноөнерімен танысуға, кинематография саласындағы мамандар арасында тәжірибе алмасуға және шығармашылық байланыстарды нығайтуға мүмкіндік туды.

М.Өскінбаев атындағы облыстық филармония ұжымы 2024 жылы Қытайдың Бейжің және Үрімші қалаларында, Австрияның Вена қаласында, Латвияның Рига қаласында, Тайваньда, Иранның Тегеран қаласында, Әзербайжанның Баку қаласында, Түрікменстанның Ашхабад қаласында және Түркияның Анталия қаласында концерттік бағдарламаларын ұсынды. 2025 жылы Грузияның Тбилиси қаласында, Оңтүстік Кореяның Сеул қаласында және Түрікменстанның «Аваза» ұлттық туристік аймағында өнер көрсетті. Бұл сапарлар шетелдік көрермендерді Маңғыстаудың дәстүрлі өнерімен таныстыруға және өзге елдердің мәдени ортасымен тәжірибе алмасуға жол ашты. Ал биыл облыстық драма театр ұжымдары Литва, Түркия, Әзербайжан және Мажарстан елдерінде өнер көрсетті.

> **Мұндай цифрлық шешімдер көрерменнің уақытын үнемдеп қана қоймай, мәдени іс-шараларға қолжетімділікті арттырып, билет айналымын электронды форматта ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар онлайн сатылым арқылы көрермендердің сұранысын бақылауға және қандай мәдени бағдарламаларға қызығушылық жоғары екенін саралауға мүмкіндік бар.**

Маңғыстау облысының мәдениет ұйымдарында барлығы 2 373 қызметкер еңбек етеді. Оның ішінде 1 262-сі кәсіби қызметкерлер болса, 827-сі жоғары білімді, 297-сі арнаулы орта білімді мамандар. Әйтсе де, келешек ұрпақтың мәдениетке, өнерге құлшынысын ояту мақсатында атқарылып жатқан жұмыстардың ауқымы мол. Мәселен, Маңғыстау облысында 4-17 жас аралығындағы балалар саны статистикалық деректерге сәйкес 243 мыңнан асады. Оның ішінде мемлекеттік шығармашылық тапсырыс аясында 12,5 мың бала қамтылған, 3800 бала кезекте тұр. Қазір облыс аумағында 173 қызмет көрсетуші арқылы 662 шығармашылық үйірме жұмыс істейді.

Жалпы, халықаралық фестивальдер мен мәдени жобаларға қатысу өңірдің мәдениет ұйымдарына шетелдік театр және музыка өнерінің тәжірибесін зерделеуге, шығармашылық ынтымақтастықты дамытуға, жаңа кәсіби байланыстар орнатуға және ұлттық өнерді халықаралық деңгейде танытуға мүмкіндік беріп отыр. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатыны анық.



ӘДІЛЕТТІҢ ЖОЛЫМЕН ҮНДЕС

Қазақ руханиятының қазынасы тағы бір тың туындымен толықты. Алматыда Ұлттық ғылым академиясының академигі Мұхтар Құл-Мұхаммедтің «Сараман жолы» атты жаңа кітабы оқырманға жол тартты. Іргелі зерттеу «Атамұра» баспасының қолдауымен жарық көріп отыр. Автор қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезов пен оның ұлы, көрнекті мәдениеттанушы Мұрат Әуезовтің өмір жолын арқау ете отырып, XX ғасырдағы қазақ қоғамының саяси, тарихи және мәдени келбетін зерделейді. Қос тұлғаның ғұмырнамасы арқылы ұлт тарихының күрделі кезеңдері мен рухани ізденістерін сабақтастыра тарқатады.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Рухани басқосуға жиналған зиялы қауым өкілдері мен ғалымдар жаңа еңбектің тарихи-танымдық құндылығына тоқталды. Кітаптың тұсаукесер рәсімін ашқан филология ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының академигі Қансейіт Әбдезұлы еңбектің ғылыми салмағын жоғары бағалады.

Автор үш жылға жуық уақытын тарихи деректерді жинақтап, тыңғылықты зерттеу жүргізуге арнаған. Еңбектің жекелеген тараулары 2023-2026 жылдары «Айқын», «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі» газеттері мен «Жұлдыз» журналында, сондай-ақ өзге де басылымдарда жарық көрген.

– Бастапқыда Әуезов тақырыбына қалам тербеу ойымда болған жоқ. Бұл еңбектің жазылуына Ләйлә Мұхтарқызы түрткі болды. Кітап он тараудан тұрады. Олардың барлығы 2023-2026 жылдар аралығында еліміздің түрлі басылымында түгелдей жарияланған. Сондай-ақ әлеуметтік желілерде де кеңінен таралып, шамамен 100 мыңға жуық оқырманның назарына ілікті. Кез келген кітаптың басты мұраты – оқырманға жету. Сондықтан бұл көпшілігіңізге таныс туынды ойлаймын, – деді Мұхтар Құл-Мұхаммед.

«Сараман жолы» – бірнеше буынның тағдырын тұтас дәуірдің тарихи шындығымен сабақтастырған сүбелі еңбек. Кітаптың алғашқы тарауларында Мұрат Әуезовтің анасы Фатима Ғабитованың қилы тағдыры, XX ғасыр басындағы Жетісудың қоғамдық-саяси ахуалы, азамат соғысының аласапыран кезеңі мен қазақ даласындағы ағартушылықтың қалыптасу тарихы баяндалады. Сондай-ақ Мұхтар Әуезовтің шығармашылық ғұмыры, «Абай жолы» эпопеясының дүниеге келуі, жазушының қуғын-сүргін жылдарындағы тағдыры мен Мәскеудегі қызметі тарихи деректер негізінде зерделенген.

Еңбектің кейінгі тарауларында Мұрат Әуезов бастаған қазақ жастарының ұлттық сананы ояту жолындағы ізденістері, «Жас тұлпар» қозғалысының қалыптасуы, сол дәуірдегі зиялы қауымның рухани ортасы мен қоғамдық ұстанымдары көрініс табады. Бұдан бөлек, «Көшпелілер. Эстетика. Дүниені дәстүрлі қазақ өнерімен тану» жинағының жазылу тарихы мен оның идеологиялық қысымға ұшырауы да назардан тыс қалмаған.

– Кітапты басынан аяғына дейін оқып шыққан адам бұл еңбектің XX ғасырдың тұтас шежіресі іспетті екенін аңғарады. Туындыда өткен ғасырдың тарихы болмысын танып, қоғамдық-саяси үдерістерін тереңінен саралауға мүмкіндік беретін құнды мәліметтер мен тың тарихи деректер молынан қамтылған. Сол себепті бұл еңбекті ғылыми тұрғыдан аса маңызды зерттеу деп бағалаймын. Әсіресе тарихымызда әлі де жан-жақты зерттеуді қажет ететін 1960-1970 жылдардағы «Жас тұлпар» жастар қозғалысына қатысты деректер назар аудартарлық. Қозғалыстың қашан және қандай тарихи жағдайда құрылғаны, оның қалыптасуы мен дамуына Әуезовтердің ықпалы, сондай-ақ осы іске атсалысқан азаматтардың қызметі Мұхтар Абраруллының еңбегінде жақсы суреттелген, – деді Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры Зиябек Қабылдинов.



Тұсаукесерге қатысқан ғалымдар «Сараман жолы» еңбегінің тарихи-танымдық құндылығын айрықша атап өтті. Олардың пікірінше, кітаптың басты ерекшелігі – автордың жеке тұлғалар тағдыры негізінде қоғамдық өзгерістер мен тарихи қайшылықтарды ашып көрсетуінде. Онымен қоса, мұрағат құжаттары мен естеліктер арқылы бұрын көпшілікке беймәлім болған деректердің ұсынылуы еңбектің ғылыми маңызын арттыра түспек.

– Тұлғаның болмысын терең тану үшін, ең әуелі, ол өмір сүрген дәуірдің тарихи ахуалын түсіну қажет. Мұқаң да тарихшы ретінде осы қағиданы берік ұстанған. Автор 1918 жылдан бергі қазақ қоғамында және Мәскеуде қалыптасқан саяси жағдайды, сол кезеңдегі қоғамдық-саяси өзгерістерді баяндай отырып, тарихи оқиғалардың Қазақстанға, қазақ қаламгерлері мен нақты тұлғаға әсерін терең талдап, шеберлікпен сипаттаған, – деді Ұлттық ғылым академиясының академигі Берекет Кәрібаев.



«Сараман жолы» – бірнеше буынның тағдырын тұтас дәуірдің тарихи шындығымен сабақтастырған сүбелі еңбек. Кітаптың алғашқы тарауларында Мұрат Әуезовтің анасы Фатима Ғабитованың қилы тағдыры, XX ғасыр басындағы Жетісудың қоғамдық-саяси ахуалы, азамат соғысының аласапыран кезеңі мен қазақ даласындағы ағартушылықтың қалыптасу тарихы баяндалады.

Сондай-ақ таныстырылым барысында ғалымдар туындының Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесінің қалыптасу жолын тереңірек тануға және оның бастауында тұрған тұлғалардың тарихи рөлін бағамдауға мүмкіндік беретінін алға тартты.

– Кітапта Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедов, Әлімхан Ермеков, Санжар Асфендияров сияқты ұлтымыздың ұлы қайраткерлерінің жоғары оқу орындарындағы ұстаздық қызметі жайлы қызықты дерек көп. Кітаптың аты – «Сараман жолы». Мұны «Әділеттің жолы» деп түсіндік. Демек, қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов ұсынған жол бүгінгі Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған «Әділетті Қазақстан» идеясымен үндес. Кітаптың алғашқы тарауындағы оқиға менің өлкемде, тіпті туған ауылым Қапалда өтеді. Бұл – қазақтың аса көрнекті ақыны Ілияс Жансүгіровтің ауылы, бұл белгілі оқу-ағарту қайраткері Біләл Сүлеевтің және Мұхтар Әуезовтің жары, Мұрат Әуезовтің анасы – Фатима Ғабитованың туған жері. Осылардың бесеуі де кітаптың кейіпкерлері, – деді мемлекет және қоғам қайраткері, техника ғылымдарының докторы, профессор Бақытжан Жұмағұлов.

Кітаптың қорытынды тараулары Мұхтар мен Мұрат Әуезовтердің Үндістан, Жапония және АҚШ-қа жасаған сапарына арналған. Автор бұл бөлімде қос тұлғаның күнделіктері мен жолсапар жазбаларын салыстыра зерттейді. Деректерді саралау нәтижесінде аталған елдердің тарихын, мәдениетін, өнері мен көрнекті қайраткерлерін таныстатын құнды деректерді оқырман назарына ұсынады.

– Гарвард, Колумбия, Калифорния университеттерінің профессор, оқытушы, студенттерімен көптеген кездесу өткізген профессор Мұхтар Әуезов қазақ жастарын ғылым-білімге жетелейді. Жапонияда болған кезінде бұл елдің озық техникасы мен технологиясын игеруге үндеп, ұлттық құндылықтарын сақтаған жапондардан үлгі-өнеге алуға шақырады. Үндістан жазбалары арқылы өткен тарихқа құрметпен қарауды, олардың үлкенді сыйлауы мен биязылығынан үйрену керектігіне ерекше назар аударады. Бұл тарихи танымы ғана емес, тәрбиелік мәні де зор кітап, – деді Бақытжан Жұмағұлов.

Мұхтар Құл-Мұхаммедтің жаңа еңбегі тарихшылар мен әдебиеттанушыларға, ғылыми ізденіс жолындағы жастарға, сондай-ақ ұлт тарихы мен рухани мұрасына тереңінен үңілгісі келетін қалың оқырманға арналған.

АҚПАРАТ

МЮЗИКЛ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ



Astana Musical мемлекеттік театры оныншы маусымының ашылуына орай «Мюзикл әлеміне саяхат» атты арнайы мерекелік концерт ұйымдастырды. Кеш барысында көрермен назарына қазақ және әлемдік сахнада танылған музыкалық қойылымдардан үзінділер ұсынылып, театр әртістері жанды дауыста ән шырқап, хореографиялық қойылымдар мен актерлік шеберліктің үйлесімін көрсетті.

Бағдарламаға театрдың төл туындылары саналатын «Достар серті», «Роза Бағланова», «Алдар көсе» мюзиклдерімен қатар, әлемге әйгілі Moana, Mamma Mia, Moulin Rouge, Romeo and Juliet, Beauty and the Beast, Notre Dame de Paris, Aladdin, Memphis, Waitress және Hamilton қойылымдарынан үзінділер енді. Сондай-ақ көрермендер Seasons of Love музыкалық нөмірін тыңдады. Әр шығармадағы музыкалық ырғақ, сахналық қозғалыс пен кейіпкерлердің мінезі арқылы мюзикл жанрының сан қырлы ерекшелігі ашылды. Бағдарлама режиссері – Айдар Ақыпбаев, театрдың көркемдік жетекшісі – Есләм Нұртазин.

Бүгінде Astana Musical репертуары жанрлық және тақырыптық жағынан алуан түрлі. Театр сахнасында «Астана – менің махаббатым», балаларға арналған «Ер Төстік», «Жырлайды жүрек», «Мен сағындым...» поэтикалық спектаклі, «Қыз Жібек» этно-фольклорлық мюзиклі, Рэй Кунидің «№13» комедиясы, «Шаңырақ» экспериментальды музыкалық перформансы, «Сиқырлы сазды хор-концерт», «Сынақ» драмасы және



«COVID-19» перформанс-қойылымы көрерменге ұсынылып келеді. Ал жуырда театр жасанды интеллект тақырыбын арқау еткен «Зейін» мюзиклін сахналады.

Театр шығармашылығындағы маңызды бағыттың бірі – әлемдік музыкалық туындыларды қазақ тілінде сөйлету. Атап айтқанда, Romeo and Juliet және Notre Dame de Paris мюзиклдері алғаш рет қазақ тілінде сахналанып, отандық көрерменге жол тартты. Бұл бастама әлемдік театр мұрасын ұлттық тілде танытуға мүмкіндік берді.

Astana Musical ұжымы отандық сахнамен шектелмей, халықаралық мәдени кеңістікте де өнер көрсетіп жүр. Театр әртүрлі елдің мәдени астаналарында өнер көрсетіп, халықаралық фестивальдарға қатысты. Соның бір дәлелі – «Роза Бағланова» мюзиклінің Оңтүстік Кореяда «Үздік халықаралық мюзикл» атануы.



«Мюзикл әлеміне саяхат» концерті театрдың он жылға жуық шығармашылық жолын, репертуарындағы туындылардың ауқымын және музыкалық театр өнерінің мүмкіндігін бір сахнада тоғыстырды. Әлемдік және отандық шығармалардан құралған бағдарлама көрерменге таныс туындыларды жаңа қырынан тамашалап, мюзикл жанрының көркемдік ерекшелігін сезінуге мүмкіндік берді.

С. БЕГІМБАЙ

AMANAT MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – **Талғат ЕШЕНҰЛЫ**

Бас редактор – **Амангелді ҚҰРМЕТ**

Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ – Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ– Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы
Эльмира ЖҮРСІНБЕККЫЗЫ – Абай облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ЖАЛПЫ ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4818
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді

(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

- **Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.**
- **Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.**
- **Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.**
- **«Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.**

Кезекші редактор – Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ